



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН
ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

НАМАЗ

ОҚЫП ҮЙРЕНЕЙІК

Нұрлан САЙЛАУҰЛЫ,
Еркебұлан ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ,

Алматы, 2011

УДК 28
ББК 86.38
С 16

**Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының сараптау
комиссиясы мақұлдаған**

Сайлауұлы Н., *Нұр-Мүбәрак университетінің оқытушысы.*

Ыбырайымұлы Е., *Алматы орталық мешітінің ұстазы.*

С 16 Намаз оқып үйренейік. - Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 88 бет.

ISBN

Исламдағы құлшылық түрлерінің қай-қайсысы да жаратылыстың түп негізін ұқтырады. Ал намаз – ғибадат атаулының гүлзары, кәмелетке толған әрбір мұсылманның парызы.

Қолдарыңыздағы еңбек – намаз оқып-үйренудің теориялық хәм іс-тәжірибелік тұстарын жан-жақты қамтуды мақсат тұтқан.

Бейнелі суреттермен кескінделген бұл кітапша жалпы жұртшылыққа арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN

© Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011

КҮЛЛІ ЖАРАТЫЛЫС ҚҰЛШЫЛЫҚТА

Аллаһ тағала ғаламдағы бүкіл жаратылыс атаулыға өзіндік міндет жүктеген. Күн, ай, ауа, су, жел, тау, топырақ, өсімдік, жануарлар - бұлардың қай-қайсысы да өз міндетін қалтқысыз атқаруда. Сиыр сүт берсе, қой ет береді, тауық жұмыртқалап, тіпті ара екеш араның өзі о баста өзіне тапсырылған бал жасау міндетін күні бүгінге дейін мүлтіксіз атқарып келеді. Бұл жайлы Құранның «Нахл» сүресінің 68-69 – аяттарында былайша баяндалған: **«Раббың бал арасына: «Таулардан, ағаштардан және адамдардың салған күркелерінен ұя жасап ал. Сосын әр түрлі жемістерден же де, Раббыңның саған жеңілдеткен жолымен жүр! Арадан түрлі-түсті бал шығады, онда адам баласы үшін шипа бар. Әлбетте, мұнда ойланған қауым үшін ғибрат бар!»**

Әрбір жаратылыс иелеріне жүктелген міндетті Аллаһ тағала олардың құлшылығы еткен. Мәселен, өсімдік атаулының оттегі бөлуі, Күннің жер шарын өз сәулесі мен жылуына бөлеуі, алып аспан денелерінің ұдайы өзара тепе-теңдікті сақтауы, ай мен жұлдыздардың сан-саналы тылсым қызметтері – олардың құлшылығы болмақ.

Демек, құлшылық жасау барлық жаратылысқа тән, ал ақыл-ес, сана-сезім тұрғысынан кемел жаратылған адам баласы мұндай құлшылықтан қалай тысқары қалмақ? Бұл тұрғысында Құранда Ұлы Жаратушы: **«Мен жындар мен адамдарды Өзіме ғибадат етсін деп қана жараттым»,** – (Зарият, 56) деп ескертеді.

Құлшылық (ғибадат) дегеніміз не?

Ең әуелі құлшылық біздің – жаратылыс мақсұтымыз. Мұнымен қоса, құлшылық – Аллаһ тағалаға толықтай бойұсынып, әмірлерін бұлжытпай орындап, нәпсінің жетегінде кетпей, Жаратушының разылығы үшін өмір сүру. Ал Жаратушымыздың бізге нәсіп еткен шексіз нығметтеріне қайтарым әрі шүкіршілік ретінде махаббатымызды, сыйымызды, алғысымызды өтеудің ең ізгі жолы – намаз, ораза тәрізді бірнеше құлшылық түрлері болып табылады.

Намаз нендей ғибадат?

Біздің тілдік қолданысымызға парсы тілінен енген «намаз» сөзінің түп-төркіні араб тіліндегі «ас-салату» сөзінен бастау алады. Ал араб тіліндегі «ас-салату» сөзінің тілдік мағынасы – «тілеу», «дұға оқу» дегенді білдіреді. Ал шарифаттағы мағынасы – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сөздерден тұратын қасиетті ғибадат ұғымын қамтиды. Құран Кәрімде «ас-салату» (намаз) 99 рет, намаздың (парыздары болып табылатын) «сәжде» 64 рет, «рукуғ» сөзі 13 рет айтылады. Демек, намаздың парызығына қатысты ешкім де зәредей шүбә келтіре алмасы анық.

Намаз – діннің тірегі, құлшылықтың ең абзалы. Намаз оқу пенденің мұсылман екендігінің айғағы. Мұсылман адам намазды Құдайға деген шүкіршілігін білдіріп, Оның бұйрығын орындау мақсатында оқиды. Сондай-ақ шынайы намаз адамды түрлі арсыздықтар мен жаманшылықтардан арылтып, кісіні тазалыққа шақыратынын ескерсек, намаз оқу – иманды жанның ұлық міндеті екенін ұғынамыз.

«Ислам бес нәрседен тұрады»

Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дейді:

«Ислам бес нәрседен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, шамасы келсе қажылыққа бару, Рамазан оразасын ұстау»¹.

Жабирден (р.а.) жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Қайсыбір мұсылман пенде Аллаһ тағалаға сәжде етсе (намаз оқыса), Аллаһ тағала оған бір жақсылық жазады: бір күнәсін өшіріп, дәрежесін бір саты көтереді. Ендеше, сәждені көбейте түсіңдер»* деген.

Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Муаз ибн Жәбәлді (р.а.) Йеменге шығарып салып тұрып, оған: *«Сен әли кітап (яһудилер мен христиандар) қоғамына бара жатырсың. Оларды әуелі Аллаһқа құлшылық етуге шақыр, Аллаһты мойындаса, Аллаһтың оларға бір күнде бес уақыт намаз парыз еткенін айт. Намазға көнсе, Аллаһ тағаланың олардың ауқатты жандарына зекет беруді парыз еткенін айт. Қабыл етсе, олардан зекет ал. Бірақ адамдардың мал-мүлкінің ең жақсысын алма, жәбір көргеннің қарғысынан сақтан. Өйткені, оның дұғасы мен Аллаһ тағаланың арасында перде жоқ (яғни қарғысы сол мезет қабыл болады)»²,* - дейді.

Намаз – шүкіршіліктің белгісі

Күнделікті өзіміз мұқтаж күннің сәулесі мен жарығын, сәт сайын тыныстауымызға керекті оттегіні ауадан алуымызға мүмкіндік берген бір Аллаһ қана. Бізге көру үшін көзді, есту үшін құлақты, ойланып-түйсіну үшін миды берді. Бұған қоса бүкіл дүниені біздер үшін сан жетпес нығметтерге бөледі. Ол адамды өзге жаратылыс иелерінен ерекшелеп, саналы етіп жаратты. Осынша

¹ Бухари, Иман, 1/2

² Бухари, Зәкәт, 41, 63

сансыз нығметтерімен мейірімінің қайтарымы ретінде бар болғаны бір Өзіне құлшылық етуімізді ғана әмір етті.

Намаз құлдың Жаратқан Иесіне деген шүкіршілігінің белгісі. Ал мұны ең абзал түрде қалай жасау керектігін үйреткен Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) кей күндері таң ағарғанға дейін түнімен намаз оқитын. Тіпті аяқтары ісініп кететін. Бұны көрген Айша анамыз (р.а.): «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ тағала сізді барша күнә атаулыдан сақтамап па еді, осынша таусыла намаз оқығаныңыз қалай?» – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «*Аллаһқа көп шүкіршілік еткен құл болмаймын ба?*»³ – деп шүкіршіліктің асыл мәнін ашып берген болатын.

Намаз Жаратушыға жақындатады

Күніне бес уақыт намаз оқу, кем дегенде, Аллаһты бес рет еске алып отыруды білдіреді. Құран кәрімде Аллаһ тағала: «**Мені еске алу үшін намаз оқы!**» (Таһа, 14) деген. Ислам дінінің ораза, зекет, қажылық секілді парыздары періште арқылы жеткен, ал намаздың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Миғраж кезінде міндеттелуінің мәні мүлде бөлек секілді. Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) өз құзырына шақырып Хақ тағаланың намазды Миғраж түні табыстауы оның басқа ғибадаттардан ерекшелігін айқын аңғартуда.⁴ Міне сондықтан Пайғамбарымыз: «*Намаз – мұсылманның миғражы*» деген болатын.

Құл Жаратушы иесін есіне алып отырған сайын, Аллаһ тағала да оны есіне алып отырмақ. Құран Кәрімде: «**Мені еске алындар, Мен де сендерді еске алайын**» (Бақара, 152) делінген. Аллаһ тағаланың адамды еске

³ Бухари, Тәһәжуд, 16, Тирмизи, Салат, 304

⁴ Бухари, Салат, 1; Муслим, Иман, 263

алайын деуі – пендесінің абыройын биіктетіп, бағасын арттырғаны. Оның үстіне қауқарсыз құлына тіл қатуының өзі оған айрықша әрі арнайы көңіл бөлгендігін білдіруде.

Тағы бір құдси хадисте Аллаһ тағала былай деген: *«Ей, адам баласы, егер сен мені іштей еске алсаң, мен де сені іштей еске аламын. Егер сен мені бір көпшілік ішінде еске алсаң, мен де сені бір топ періштелер не одан да жақсы көпшіліктің ішінде жария түрде еске аламын»*⁵.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тағы бір хадисінде *«Мені кеңшілікте еске алыңдар, мен де сендерді таршылықта еске алайын»* делінген. Яғни дүниеде мені еске алыңдар (ұмытпандар), мен де сендерді махшарда, қыл көпірде, тозақ отының жалыны шарпыған уақытта еске алайын. Сендер Мені жастық шақтарыңда, күшті әрі қуатты шақтарыңда еске алыңдар, намаз оқыңдар, мен де сендерді қартайғанда, әл-дәрмен кеткен шақтарыңда еске алып жәрдем берейін деуде.

Аллаһты еске алу тілмен зікір етумен ғана шектелмей амалдар арқылы да жүзеге асады. Амалымыз көбейген сайын иманымыздың да арта берері шындық.

Намаз – жанның тазалығы

Намаз – жанды тазартып, жүректі нұрландырып, адамды Аллаһтың құзырына жетелейтін қасиетті ғибадат. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) хадисінде: *«Бес уақыт намаз бен жұма намазы үлкен күнә жасамаған адамды келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады»*⁶, – деген. Яғни, бір күндегі бес уақыт намаз аралығында жасалған күнәлар келесі намаздың оқылуы арқылы тазарады. Олай болса, әрбір

⁵ Ибн Хаббан, Сахих, 3/92

⁶ Муслим, Таһарат, 14-15, Тирмизи, Мәуakit, 46; Ибн Мажә, Таһарат, 79,106.

намаз кішігірім күнәларға кәффарат (кешірім) болып табылады.

«Иманы бар адамға ғибадат парыз»

Қасиетті Құран Кәрімнің көптеген жерлерінде иманнан кейінгі кезекте намаздың қадір-қасиеті жайлы айтылады. Мұсылмандарды әрдайым «иман келтірген және ізгі амал істегендер» деп сипаттаған. Ал ізгі амалдың басы – намаз. Мұның мәнін Хакім Абай «Ақылы бар адамға иман парыз, иманы бар адамға ғибадат парыз» деп дөп басып түсіндірген.

Бірде Уаһб ибн Мунаббихтен бір сахаба: «Лә илһә иллаллаһ» жәннаттың кілті емес пе? - деп сұрағанда, ол: «Иә, солай бірақ, кілт тіссіз бола ма? Тістері бар кілтін болса есік ашылады, ал тістері болмаса ашылмайды», – деп, иман келтіргеннен кейін намаз оқудың қажеттігін атап өткен.⁷

Тек иманым бар деп жүру, әрине, имансыздықтан жақсы. Алайда, адам сол иманның бар екенін намаз оқып, ораза ұстау арқылы дәлелдесе, нұр үстіне нұр болары хақ.

Намаз – діннің тірегі

Намаз – бүкіл ғибадаттардың өзегі. Өйткені хадис-те: «Намаз – діннің тірегі»⁸ делінген. Хадистерде айтылған кейбір сүйінші хабарларда, мысалы: жомарт адам жәннатқа кіретіндігі жайлы сүйінші хабар айтылса, ол намаз оқыған иманды жомарт адамға қатысты нәрсе болғаны. Мінезі жақсы пейішке кіреді делінсе, ол да намаз оқыған адамға қатысты жайт екені шүбәсіз. Ал дінді мойындаған, жомарт, әділ адам жәннатқа кіреді. Бірақ, бәрібір оқылмаған намазы

⁷ Бухари, Жаназа, 1

⁸ Әл-Муттақи Хинди, Кәнзул-Уммал, 7/284.

үшін сұраққа тартылатыны күмәнсіз. Өйткені, намаз – ақыретте ең алғаш сұралатын амал. Осыған орай Әбу Хұрайра Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дегенін естіген: *«Қиямет күні пенденің амалдарынан ең әуелі есепке алынатыны – намаз. Егер намазы дұрыс болса, онда пенде қуанышқа бөленіп, игілікке қол жеткізеді. Егер намазы дұрыс болмаса, онда пұшайман күй кешіп, қайғыға беріледі. Егер оның парыз амалында кемшілік болса, Хақ тағала «Нәпіл амалдары бар ма екен? Парыздардың кем-кетігін сонымен толтырсын» – дейді. Оның басқа амалдары да осы тәрізді есептеледі»*⁹. Сондықтан намаз оқып, оған қоса ізгі қасиеттеріміздің болуы ақыретте Аллаһтың қалауымен сауабымызды молайтып, сұрағымызды жеңілдетеді.

Хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Діннің басы – Ислам, тірегі – намаз, шыңы – күрес»*¹⁰, яғни кімде-кім дінін тіктегісі келсе, намазын оқып, қас дұшпаны нәпсімен күрессін, – деген.

Намаз оқу – табысы мол сауда

Аллаһ тағала адамдарға дүниелік істері үшін күніне 24 сағат берген. Ал бес уақыт намаз шамамен тек бір сағатты ғана алады, сауабының молдығы сонша – мәңгілік жәннатпен сүйіншілейді. Олай болса, Аллаһтың берген 24 сағатының бір сағатын мәңгілік жәннат үшін, ал қалғанын дүниеміз үшін жұмсау біз үшін үлкен табыс емес пе?

Намаз оқу денсаулыққа пайдалы

Бес уақыт намаз барысында 40 рәкат иліп-түрегелумен қатар, маңдай жерге тигізіліп, 80 мәрте сәжде жасалады. Ал дене жаттығуымен айналысатындар күн сайын қаншалықты бес уақыт үзбей осыншама қимыл-қозғалыс

⁹ Тирмизи, Сунан, 2/269

¹⁰ Тирмизи, Иман, 8/2619

жасайды? Намаз оқыған жанның бұл қимыл-қозғалыстары адам бойындағы қан айналым жүйесін реттейді, жүректің қызметін едәуір жеңілдетеді.

Сексен рет сәжде жасау, сексен рет адамның басына қан баруына, ми қабыршықтары қанмен тазарып тұруына, алжасу, ұмыту ауруларының болмауына, көру, иіскеу, есту, дәм сезу орталықтары мидың артқы бөлігіне орналасқандықтан, бұның да 80 рет қанмен тазарып тұруына жәрдемдеседі. Сонымен бірге, намазда сәжде нүктесіне сексен рет көз түйістіргендіктен көздегі қан айналым жүйесі жақсарады.

Намаз оқыған адам сан, иық, қол буындары иіліп-бүгіліп үнемі қалыпты қозғалысын үзбейтіндіктен, ревматизм және дегенеративті дерт түрлерінен аман болады¹¹.

Намаз – ғибадат атаулының түйіні

«Фатиха» сүресі Құранның негізгі ұстанымдарын қалай қамтыса, сол секілді намаз да барлық ғибадаттарды толық қамтиды. Айталық, намазға тұрған адам жеп-ішпегендіктен, ораза ұстағандай күйде болады. Сол сияқты намазда зекет те бар. Ол – уақыттың зекеті. Намазда қажылық та бар. Өйткені намаз оқуға ниеттенген адам қасиетті Қағбаға бет бұрады. Намазда куәлік сөзі (шаһадат) де бар. Ол әрбір отырыста айтылады. Тіпті, періштелердің де ғибадаттарын қамтиды: олардың кейбіреулері тік тұрып құлшылық жасаса, кейбіреулері үнемі рүкүфқа барған бойда иіліп, кейбіреулері тек сәжде жасаған күйі құлшылық қылады. Ал, адамдар болса, осылардың бәрін бір намазда орындайды.

¹¹ С.Сених. «Құлшылық құпиясы», Ауд. Қ. Бағашар Алматы 2007, Б. 9



Пайғамбарымыздың намазы

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) намаз оқығанын көргендер еріксіз тамсанатын. Рүкүфпен сәждеде ұзақ тұратыны соншалықты – басқалар «демі үзіліп кетпеді ме екен» деп қобалжитын.

Айша анамыз Пайғамбарымыздың (саллаллаһу әләйһи уәсәлләм) намазды қалайша оқитындығын былайша түсіндірген:

«Кейде (нәпіл) намазында «Фатиха» сүресін оқығаннан кейін «Бақара» сүресін оқитын, тіпті одан кейін «Әли-имран» және «Ниса» сүрелерін қосып, тоқтамай Құранның ұзақ сүрелерін оқи беретін еді»¹².

Намазды шын жүреппен, барын сала оқып, рүкүф пен сәждеде ұзақ уақыт тұратындығы соншалықты – Пайғамбарымыздың аяқтары ісініп кететін кездері де болатын. Намаздан алған рухани ләззатын: «Маған (дүние нығметтерінен) жұпар иіс пен әйел баласы сүйдірілді, ал намаз – көзімнің нұры, рухани ләззатым»,¹³ – деп жеткізген еді.

¹² Кандаһлауи, Хайату Сахаба, 3/503

¹³ Нисай, Аширатун-ниса, 1/7,61

Діни ұғымдарға қысқаша түсіндірмелер

Парыз деген не?

Парыз – Аллаһ тағаланың анық бұйырып, орындалуын талап еткен істері: мәселен, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру және т.б. (парыздың орындалуы – сауап, орындалмауы – күнә).

Уәжіп деген не?

Уәжіп – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ діни маңызы қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекеттер. Мысалы: Құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б. Уәжіптің үкімі де парызға ұқсас. Яғни, орындалса – сауап, орындалмаса – күнә.

Харам деген не?

Аллаһ тағала қатаң тыйым салған істер. Мәселен, құмар ойнау, ішімдік ішу, жала жабу, өтірік айту, зина жасау, адам өлтіру, ғайбат т.б.

Мәкрүһ деген не?

Мәкрүһ – дінімізде қатаң тыйым салынбаған, бірақ ұнамсыз, жағымсыз іс-әрекеттер. Мысалы: дәрет алғанда суды ысырап ету, дәрет алу кезінде орынсыз сөйлеу, намазда есінеу т.б.

Мүбаһ деген не?

Мүбаһ – істелуінде рұқсат бар, яғни діни тұрғыдан ешқандай тосқауыл қойылмаған іс-әрекеттер. Мысалы: жеп-ішу, ұйықтау, т.б. Мұндай іс-әрекеттердің орындалуы сауап, орындалмауы күнә емес. Бірақ бұл іс-әрекеттерді жасаған кезде сүннет ниетімен жасайтын болса, сауап алады. Мысалы: бір мұсылман ұйықтаған сәтте, Пайғамбарымыз оң жағымен ұйықтағандықтан, осылай ұйықтаймын деген ниетпен жасаса, сауапқа кенеледі.

Сүннет деген не?

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жасаған және «жасаңдар» деген әрі жасалғанын қолдаған іс-әрекеттер.

Бекітілген сүннет деген не?

Пайғамбарымыздың негізінен әрдайым жасаған сүннеттері. Таң, бесін, ақшам намаздарының сүннеттері тәрізді. Осы сүннеттерді орындағандар сауап алады, ал орындамағандарға жаза берілмейді. Алайда, бекітілген сүннеттерді орындамау мүмін үшін үлкен кемшілік болып табылады.

Бекітілмеген сүннет деген не?

Пайғамбарымыздың кейде жасап, кейде жасамаған сүннеттері. Екінді мен құптанның алғашқы сүннеттеріндей. Бұл сүннеттерді іске асырғандарға сауап бар, ал орындамағандар күнәлі болып саналмайды.

Қиям деген не?

Қиям дегеніміз – намаз кезінде тіп-тік тұру.

Рукуғ деген не?

Рукуғ дегеніміз – намаз кезінде адамның екі қолын тізесіне қойып иілуі.

Сәжде деген не?

Сәжде дегеніміз – намаз кезінде маңдай мен мұрынды жерге тигізу.

Рәкат деген не?

Рәкат дегеніміз – қиям, рукуғ және екі сәждеден тұратын намаздағы іс-әрекет.



«Ей, мұминдер! Аллаһ тағала сендерге ауыртпалық қаламайды. Ол сендердің таза болуларыңды және шүкіршілік етулерің үшін нығметтерін тамамдауды қалайды»

(Мәйда, 5)

*«Тазалық - иманның жартысы»
(Хадис)*

«Мұминнің дәретте жуылған жерлерін жәннат әшекейлері жауып тұрады»

(Хадис)

*Бірінші байлық - денсаулық,
денсаулық кепілі - тазалық.*

(Мақал)



Тазалык

*«Сөзсіз, Аллаһ
тәубе еткендер мен
тазаланғандарды
жақсы көреді»*

«Бақара»

❧ ТАЗАЛЫҚ ❧

Намаздан бұрын жасалатын тазалық – намаздың кілті. Сондықтан бұл тазалық дұрыс орындалмаса, намаз жарамсыз болады. Ислам діні тазалыққа қатты мән берген. Құран Кәрімде: **«Аллаһ өте таза болушыларды жақсы көреді»** (Тәубе, 108) делінген. Бұл аят тазалыққа, әсіресе, дәрет алуға қатты мән берген Құба тұрғындарына түскен болатын.

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тазалықтың маңыздылығы жайлы: *«Аллаһ таза және таза болғандарды жақсы көреді»* деген. Және тағы бір хадисінде Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Тазалық – иманның жартысы»* деген. Ендеше, намазға дайындық ең алдымен тазаланудан, яғни тазалықтың негізі саналатын дәреттен басталады.

ӘЖЕТХАНА ӘДЕБИ

Әжетханаға шалбардың балағын түріп, сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шыққан абзал.

Үлкен және кіші дәреттен кейінгі тазалық «истинжа» деп аталады. Ал кіші дәреттен кейін аздап күтіп, дәрет қалдықтарынан түгелдей арылуды «истибра» дейді. Бұл тек ерлерге тән тазалық. «Истинжада» әжетхана қағазын немесе тас пен суды қолдану – тазалықтың белгісі.

Кіші дәретті отырып сындырғанда, салмақты сол аяқтың үстіне түсіру кіші дәреттің толық шығуын жеңілдетеді.

❁ ДӘРЕТ ❁

Дәрет алу – намазға дайындық ретінде тазалану, дене мүшелерін жуу дегенді білдіреді. Дәрет алу да өз алдына сауапты іс. Ол туралы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай деген: *«Мұсылман адам дәрет алып бетін жуғанда, көздерінің барлық күнәлары дәрет суымен немесе судың соңғы тамшысымен ағып кетеді. Егер қолын жуса, қолымен істеген әрбір күнәсі дәрет суымен яки судың соңғы тамшысымен жуылып кетеді. Егер аяғын жуса, басқан күнәлары шайылады. Осылайша мұсылман кісі дәрет алу арқылы тәнін ластықтан, жанын күнәдан тазалайды»*¹⁴.

Бірде Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сахабалары: - Қиямет күні сіз бізді сонша нөпір халықтың арасынан қалай танысыз? – деп сұрайды. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Ол күні сендерде басқа үмбеттерде болмаған бір белгі болады. Сендер менің алдыма келгенде, үнемі дәрет алғандықтан, маңдайларың мен қол-аяқтарың нұрланып тұрады»*¹⁵ деп жауап береді.

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Кімде-кім әмір етілгендей дәрет алып, намаз оқыса, өткен күнәлары кешіріледі»*,¹⁶ - деген.

Дәретпен орындалатын құлшылықтың түрлері?

1. Намаз оқу;
2. Қағбаны тәуәп ету;
3. Құран Кәрімді ұстау және оқу.

¹⁴ Муслим, Таһарат, 32/244

¹⁵ Муслим, Уду, 3

¹⁶ Бухари, Уду, 28

Дәреттің парыздары

«Мәида» сүресінің 6-аятында: «Ей, иман келтіргендер! Егер намазға тұрсаңдар, беттеріңді, қолдарыңды, білектеріңді жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартыңдар. Аяқтарыңды қызыл асықтарымен бірге жуыңдар»- делінген. Демек, аятта дәреттің төрт парызы аталған:

1. Бетті жуу;
2. Қолды, шынтақ және білекпен бірге жуу;
3. Басқа мәсіх тарту (төрттен біріне);
4. Аяқтарын қызыл асығымен бірге жуу;

Бұл парыздардың біреуі орындалмаса, дәрет дұрыс болмайды.

Дәреттің сүннеттері

Сүннет – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) парызға қосып істеген амалдары. Сүннет амалын істеу көптеген күнәлардан арылтып, молырақ сауап алуға септігін тигізеді. Дәрет алу барысында төменде көрсетілген амалдарды істеу – сүннет сауабын алуға көмектеседі:

1. Дәретке іштей ниет ету.
2. Дәрет алмастан бұрын қолдарын білектеріне дейін жуу.
3. Дәретті «Ә’узу» және «Бисмилләһпен» бастау. Яғни дәрет аларда «Ә’узу биллаһи минаш- шайтанир- ражим» «Бисмилләһир-рахманир-рахим» деп айту.
4. Ауыз бен мұрынды шаю.
5. Мисуак қолдану.
7. Дәретте жуылуы тиіс ағзаларды рет-ретімен жуу. Яғни, алдымен қолды, бетті, содан соң екі білекті шынтағымен бірге, басты, аяқты жуу.
8. Дәрет алу ағзаларын жуғанда оңнан бастау. Алдымен оң қолды жуып, одан кейін сол қолды жуу. Оң аяқты жуып, одан кейін сол аяқты жуу.

9. Дәрет алу ағзаларын үш реттен жуу. Бірінші жуу парыз болса, екінші және үшінші рет жуу сүннет.
10. Қол мен аяқ саусақтарының арасын салалап жуу.
11. Сақалды салалау. Тығыз сақалы болғандар қолдарын сақалдарының арасына кіргізіп, жоғары қарай тартып салалау керек. Қысқа не сирек сақалдың араларына су кіру оңай болғандықтан жуу жеткілікті.
12. Басына толық мәсіх жасау.
13. Құлақ пен мойынға мәсіх тарту.
14. Дәрет мүшелерін жуғанда араларын үзбестен жуу. Яғни, бірі құрғамай жатып, екінші мүшені жуу.
Бұл сүннеттердің біреуі немесе одан көбі орындалмаса дәрет дұрыс, бірақ сауабы кем болады.

Дәретті бұзатын нәрселер

1. Үлкен-кіші дәретке отыру;
2. Жел шығару;
2. Дененің кез-келген жерінен қан немесе іріңнің шығып айналасына жайылуы;
3. Түкірігінің жартысына немесе көпшілігіне қан араласу;
4. Аузы толып құсу;
5. Намазда дауыстап күлу. Жанындағы адамға естілетіндей етіп күлу намазбен қоса дәретті де бұзады;
6. Ақыл-есінен алжасу, талып қалу, мас болу;
7. Бір нәрсеге сүйеніп немесе жантайып, айналасындағы дыбыстарды естімейтіндей күйде ұйықтау дәретті бұзады. Өйткені, бұлай беріліп ұйықтаған жағдайда денеден жел шығу ықтималы бар. Бірақ отырған жеріне жақсылап орнығып, еш жерге сүйенбей немесе намазға тұрғанда, рүкүғде, сәждеде ұйықтаса, тіпті намаздан тыс осылайша ұйықтаса, дәреті бұзылмайды;
8. Жыныстық қатынаста болу;

Дәрет алу үлгісі


Дәрет алу – сауабы мол амал болғандықтан, дәреттің парыздарымен қоса сүннеттерін де толық орындау абзал.

Дәрет алу төмендегіше ретпен жүзеге асады:



1. Ниет

Балақты түріп, екі қолды шынтаққа дейін сыбанып, «Ә’узу» мен «бис-миллаһты» айтып дәрет алуға іштей ниет етеді.



2. Қолды жуу

Қолды білекке дейін саусақтардың арасын және саусақтардағы сақина, жүзіктердің астына да су тигізіп жуу керек.

3. Ауызды шаю

Оң қолмен үш рет су алып
ауыз шайылады.



4. Мұрынды шаю

Үш рет оң қолымен
мұрынға су тартылып, сол
қолымен сіңбіріледі.



5. Бетті жуу

Маңдай мен қоса құлақ
басталған тұс пен иек
астына дейін үш рет бет
жуылады.





6. Оң қолды жуу

Оң қол шынтақпен қосыла
үш рет жуылады.



7. Сол қолды жуу

Сол қол шынтақпен қосыла
үш рет жуылады.



8. Басқа мәсіх тарту

Шынашақпен бірге үш
саусақ ұшпа-ұш келтірі-
ліп, маңдайынан желкеге
дейін осы үш саусақпен
мәсіх етіледі.

9. Құлаққа мәсіх тарту

Сұқ саусақпен құлақтың ішіне, бас бармақпен құлақтың сыртына мәсіх тартылады.




10. Мойынға мәсіх тарту

Екі қолдың сыртымен мойынға мәсіх тартылады.



11. Аяқты жуу

Оң аяқтан бастап саусақтарының арасын, тобықтарымен бірге үш мәрте жуады. Осылайша сол аяқты да жуады. Әсіресе өкше мен тобықтардың жуылуын мұқият қадағалау қажет.



12. Қолды қайта шайып дәретін тәмәмдайды.

Мәсіх деген не?

Мәсіх – бір нәрсенің үстін сулы қолмен сүрту дегенді білдіреді. Басқа, аяққа киген мәсінің немесе орауыштың үстін сулы қолымен сүрту – «мәсіх тарту» деп аталады.

Мәсіге мәсіх тарту шарттары

1. Мәсі аяқты тобықтарымен бірге жауып тұруы керек.
2. Мәсі кем дегенде 5,5 шақырымнан артық жол жүруге шыдайтындай болуы керек.
3. Мәсі өздігінен тұратын және сырттағы суды дереу ішке тартып алмайтындай болуы керек. Шұлыққа мәсіх тартуға болмайды.
4. Мәсінің бүтін болуы шарт. Мәсі тобықтан төмен бөлігінде аз жері ғана жыртылған тесік мәсіге мәсіх тартуға болады. Бірақ бір мәсідегі тесік аяқтың кіші саусағының өлшемімен үш саусақтан артық болуы мәсіні жарамсыз қылады.
5. Мәсі аяқ жуылғаннан кейін (толық дәрет алғаннан кейін) киілуі керек.

Мәсіге мәсіх тарту

Дәрет алғанда мәсінің үстінен кем дегенде үш саусақты сулап аяқтың ұшынан жоғары қарай сүрту керек. Бұны бір мәрте жасаса да жеткілікті. Осыған қатысты Муғира ибн Шұғбә (р.а.): *«Аллаһ елиісі (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мәсіге мәсіх етті. Оң қолын – оң мәсісінің үстіне, сол қолын – сол мәсісінің үстіне қойып, жоғары қарай бір рет мәсіх тартты»*,¹⁷ – деп жеткізген.

Мәсіге мәсіх тарту мезгіліне келсек, тұрғын – бір күн, бір түн, яғни 24 сағат, ал жолаушы – үш күн, үш түн, яғни 72 сағат мәсіні шешпей киіп жүре алады. Мәсіхтің уақыты – мәсіні дәрет алып киген соң, алғаш рет дәрет бұзылған сәттен басталады. Яғни, мәсіні киген кезден емес, дәрет

¹⁷ Әбу Дауд, Таһарат, 63

бұзылған сәттен басталады. Мысалы: сағат он екіде дәрет алып, мәсіңізді кидіңіз делік. Содан кейін сағат үште дәретіңіз бұзылды. Дәл осы сағат үштен бастап сіздің жирма төрт сағаттық мәсіх мерзіміңіз басталады.

Мәсіхті бұзатын нәрселер

- Дәретті бұзатын нәрселер мәсіхті де бұзады. Қайта дәрет алғанда, мәсіні шешпей тек мәсінің үстіне мәсіх тартады.
- Жүніптік, етеккір, босану секілді ғұсылды қажет ететін жағдайлар.
- Мәсінің аяқтан шешілуі. Бұл кезде егер дәрет болса, тек аяқтарды жуу жеткілікті. Егер бір аяқтағы мәсі шешілсе, екі аяқты да жуу қажет. Мәсінің қонышына дейін аяқтың басым көпшілігінің шығуы түгел шешілумен тең.
- Аяқтың кіші саусақ өлшемімен санағанда үш саусақ көлеміндей мәсінің жыртылуы.
- Мәсі мезгілінің аяқталуы. Егер дәрет бар болса, тек қана аяқтар жуылады.

Оралған жердің сыртынан мәсіх тарту

Денеде бір мүше сынып немесе жараланғанда, жусаңыз залалы тиетін болса, дәрет пен ғұсыл алған кезде, сол жара ораған матаға бір рет қана мәсіх тартылады. Егер бұл да зиянды болса, мәсіх тартылмайды.¹⁸ Бұл тұрғыда хазіреті Әли: «Білегім сынған еді. Аллаһ елшісінен сұрағанымда, таңғыштың үстіне мәсіх тартуымды айтты», – дейді.¹⁹

¹⁸ М.Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы; Ислам ғылымхалы, 73

¹⁹ Зэйлән, Насбур, 1/186

ҒҰСЫЛ

Ғұсыл дегеніміз – басымыздан бақайшамызға дейін денені толықтай сумен жуу. Ғұсыл алудың үкімі жағдайға қарай өзгеріп отырады. Жүніп болғанда немесе әйелдерде болатын хайыз бен нифас жағдайларында ғұсыл алу парыз. Ал жұма, айт намаздарынан бұрын және қажылық пен умрада ихрамға кіргенде ғұсыл алу сүннет.

Ғұсылдың үш парызы

1. Ауызды сумен шаю. Ауызды сумен шайғанда, тамақты да арнайы шайқаған жөн.
2. Мұрынға (кеңсірікке дейін) су тарту.
3. Денесіне тұтастай (иненің ұшындай құрғақ жер қалдырмай) су тигізу.

Ғұсыл алу үлгісі

Ғұсылдың парыздарымен қоса сүннеттері де бар. Сол парыздарымен бірге сүннеттерін де орындау үшін алдымен «Бисмиллаһ» деп айтып, ғұсыл алуға ниет етеміз. Сонан соң қолдарымызды жақсылап жуып, денеміздегі кірді, нәжісті тазартамыз. Және жоғарыда көрсетілгендей дәрет аламыз. Дәрет алғанда ауыз бен мұрынды жақсылап шаю керек. Дәрет алып болғаннан кейін әуелі басқа, кейін оң иыққа, содан соң сол иыққа үш реттен су құямыз. Денемізге су құйған сайын қолымызбен ысқылаймыз. Денемізде су тимеген жер қалмау керек.

Ғұсыл алғанда: кіндік шұңқыры, сырға тағатын тесіктер, мұрт, шаш және сақал түптеріне де су баруы керек.

Жүніп адамға харам нәрселер

1. Намаз оқи алмайды;
2. Мешітке кіруге болмайды (тек зәру жағдайда ғана рұқсат етілген);

3. Құран оқи алмайды («Шәһадат» сөзін айтуға, тәкбір, салауат, зікір етуге, дұға оқуға болады);
4. Құранды ұстай алмайды (Құранды қабымен немесе орамамен ұстауға болады);
5. Қағбаны тауап ете алмайды.

Ғұсыл қандай жағдайларда қажет?

Жүніп – ерлі-зайыптылар жыныстық қатынаста болса, ұйқыда немесе ояу кезінде ләззатпен шәуіт шықса жүніп болады. Сонымен қатар есінен танған, мастығынан айыққан, ұйқысынан тұрған адам бойынан ылғал бір нәрсе тапса, ғұсыл құйынғаны абзал. Бұл жағдайларда намаз оқуға, Құран ұстауға болмайды.

Хайыз – босану мен науқастанудан тыс уақыттарда, 9–55 жас аралығындағы әйелдердің жатырынан келетін қан. Ол ең азы 3 күннен 10 күнге дейін жалғасады. Ондай кезде намаз оқуға, ораза ұстауға болмайды. Бірақ оразаның қазасын ұстайды, ал намаздың қазасы оқылмайды.

Нифас – әйел адам босанғаннан кейін жатырынан келетін қан. Нифастың ең азы әйел кісілерге байланысты өзгереді, ал ең ұзақ уақыты – қырық күн. Әйелдер мұндай жағдайда намаз оқи алмайды. Ораза да ұстай алмайды, бірақ оразаның қазасын өтейді.

Сұрақ - жауап

- *Жүніп болған кісі тісін қапталтса немесе пломба салдырса, кейіннен ғұсыл алса, ғұсылы толық бола ма?*

Ханафи мәзхабы бойынша ғұсыл алғанда ауызды шаю парыз. Яғни парыз болған жер ол тістің іші емес ауыздың іші. Сондықтан тіс мейлі пломбамен толтырылсын немесе қапталсын, бәрібір ауызды шаю арқылы ғұсылдың парызы орындалған болып саналады²⁰.

²⁰ Фатауа Гиндия, 1/49

- **Жүніп болған адам өзенге, көлге шомылса ғұсыл алған болып санала ма?**

Жүніп адам аузы мен мұрнын сумен шайқап, одан кейін көлге, өзенге, бассейнге сүңгісе немесе жауын астында тұрып, барлық денесіне су тисе, ғұсыл алған болып саналады²¹.

- **Жүніп күйінде көз жұмған пенде ақыретке имансыз кеткен бола ма?**

Жүніп болған күйде қайтыс болу мен иманды болуды шатастырмаған жөн. Жүніп болған адамның намаз оқу, ораза ұстау, Құран оқу секілді ғибадаттарды орындау үшін ғұсыл алуы шарт. Ғұсылы болмаса, бұл ғибадаттардың ешқайсысы дұрыс болмайды.

Ал, жүніп болған күйде көз жұмған адамның жүрегінде иманы болса, ол иманды болып саналады. Бұл мәселеге қатысты үйленгеніне бір күн де өтпей, жүніп күйде Ухуд соғысында шейіт болып, періштелердің марапатына бөленіп, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) разылығын алған Ханзаланың оқиғасы тура келсе керек.

Соғыстан кейін Ханзаланың әйелі Пайғамбарымыздан:

- Уа, Аллаһтың елшісі! Ханзала қайда? - деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм):

Ханзала шейіт болды, – дейді.

Сол кезде Ханзаланың әйелі:

- Уа, Расулаллаһ! Күйеуім таң ата ғұсыл дәретін алып үлгерместен соғысқа аттанып кеткен еді. Енді рұқсат етсеңіз, күйеуімді жуғызып көмсек, – дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Сен Ханзаланы уайымдама! Көктің бірінші қабатындағы періштелер оны рақым суымен жуып-шайғанын көрдім»,²² - деп үлкен

²¹ Раддул-Мухтар, 1/140

²² Әл-Хақим, Әл-Мустәдрәк Әлас-Сахихайн, Бейрут, 1990, III/225

сүйінші хабар айтады. Бұл оқиғадан кейін халық Ханзаланы «Ғасилул-мәлаика» («Періштелер жу-ған Ханзала») деп еске алатын болды.

• **Денеге сурет салу (татуировка) дұрыс па? Бұл ғұсыл алуға немесе дәретке кедергі бола ма?**

- Бұл мәселені екі бөлек қарастырғанымыз жөн. Өйткені денеге сурет салдыру мен сурет салынған денемен құлшылық жасаудың айырмашылығы бар.

Денеге сурет салу немесе салдыру Аллаһтың жаратқан тәнін өзгерту болып саналады. Сондықтан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Денеге сурет салғанға да, салдырғанға да Аллаһтың лағынеті болсын»*²³ деп, бұл істің харам екендігін айтқан.

Исламды кейіннен қабылдаған жан, бұл істің харам екендігін кеш білсе, мүмкіндігінше денесіндегі суретті кетіргені дұрыс. Ал кетіре алмаса, оны әдейілеп қырнап, күштеудің, қиналудың қажеті жоқ. Тек тәубе қылып Аллаһтан кешірім сұрауы керек. Ең бастысы, бұл денесіндегі салынған сурет оның ғибадат қылуына бөгет болмағаны дұрыс, шайтан: «сенің денеңде сурет бар. Намаз оқыма, ораза ұстама», – деп адамды азғыруы мүмкін. Салынған сурет терінің астына піспелеп, бояу жіберіп әшекейлегендіктен терінің үстіне су тиюіне бөгет болмайды. Сондықтан салынған суреттің үстіне дәрет алуға, ғұсыл жуынып ғибадат қылуға, намаз оқуға болады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Амр ибн Асқа: *«Исламға кіру – бұрынғы күнәларды жояды»*²⁴ деген хадисі осы мәселені айшықтай түседі. Өйткені ислам діні пенденің мұсылман болмай тұрып істеген күнәларын толықтай өшіреді.

²³ Бухари, Либас, 86; Тыб, 36; Муслим, Либас, 119/2124

²⁴ Бухари, Сунан әл-Кубра, 9/123. Ахмад ибн Ханбал, Муснад, 4/197

«Құмәнсіз, Аллаһ иман етіп ізгі іс жасағандарды астынан өзендер ағатын Жұмақтарға кіргізеді. Ол жерде олар алтыннан білезіктер мен інжулер тағынады»

(Хаж, 23)

«Құнәдан жиіркеніп, құлшылықтан жаны жай табу – нағыз мұсылманның сипаты»

(Хадис)

«Аллаһ сүймеген құлын пайда-сыз іспен шұғылдандырып қояды»

(Хадис)

«Егер қиметіме қиын болмағанда, оларға құптан намазын кешіктіріп оқуды және әрбір намаздың алдында мисуак пайдалануды бұйырар едім»

(Хадис)

ТӘЙӘММҮМ

...Егер науқастанып қалсаңдар яки сапарда болсаңдар, не болмаса біреу тұзге отырып келсе яки әйелдеріңе жақындасып, су таба алмасаңдар, таза жерге тәйәммүм соғып, беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар.

(Фиса, 43)


Тәйәммүм сөздікте «ниет ету» деген мағынаны білдіреді. Ал діни әдебиеттерде – дәрет немесе ғұсыл алу үшін су табылмаса немесе су бола тұрып пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда топыраққа немесе құм, тас секілді таза нәрселерге қолдарын соғып жүзі мен екі қолын шынтаққа дейін мәсіх ету арқылы орындалатын тазалықты айтады.

Тәйәммүмнің парыздары

1. Ниет ету.
2. Екі алақанын таза топыраққа ұрып, бетті толығымен мәсіх ету.
3. Екі алақанын таза топыраққа ұрып екі қолын шынтаққа дейін, іші мен сыртына мәсіх ету.

Тәйәммүмнің себептері

1. Дәрет не ғұсыл алуға су жеткіліксіз немесе (шамамен 1848 метр қашықтық) алыс болған жағдайда
2. Су қолдануға мүмкіндігі шектелген жағдайда (қапаста болу, жабайы аңдардан, қарақшылардан қорқу т.б.)
3. Су қолданса, ауруға шалдығуынан яки науқасының қозып кететінінен қорыққан жағдайда.
4. Су аса қатты суық болған жағдайда.



Тәйәммүм алудың үлгісі

1. «Бисмиллаһ» деп жеңімізді түріп, қандай ғибадат болса, соған арнап ниет ету (мысалы: намаз оқуға, Құран оқуға т.б.).



2. Саусағымыздың арасын ашық ұстап, қолды таза топыраққа ұрып, ары-бері қозғау.

Сондай-ақ, топырақ, шаң, құм, тозаң, тас, лаймен сыланған қабырға немесе топырақ тектес таза нәрселерге де тәйәммүм алуға болады.



3. Қолды бір-біріне соғып, шаңын қағу.



4. Бетті толығымен мәсіх ету.



5. Қолды қайта топыраққа соғу.



6. Қолды бір-біріне қағып, шаңын қағу.

7. Сол қолының төрт саусағымен оң білектің сыртқы жағын саусақ ұштарынан бастап шынтаққа дейін, сосын білектің ішкі жағын шынтақ тұсынан саусақтарға дейін сипау.



8. Оң қолының төрт саусағымен сол білектің сыртқы жағын саусақ ұштарынан бастап шынтаққа дейін, сосын білектің ішкі жағын шынтақ тұсынан саусақтарға дейін сипау.



Тәйәммүмді бұзатын нәрселер:

1. Дәрәт пен ғұсылды бұзатын жағдайлар тәйәммүмді де бұзады (тәйәммүм сол екеуінің орнына уақытша жүреді).
2. Тәйәммүм соғуды қажет еткен себептер жойылғанда (дұшпанның кетуі, науқастың айығуы т.б.).
3. Суға кезігу немесе дәрәт алуға жетерлік судың табылуы (намаз оқып тұрғанда суды көрсе, тәйәммүмі намазбен бірге бұзылады).

Сұрақ - жауап

- *Жүніп болып, бірақ ғұсыл алуға су шектен тыс мұздай болған жағдайда не істейміз?*

Ислам діні адам денсаулығына қатты мән берген. Егер де суды ысытуға мүмкіндік болмай, ал суық сумен жуыну адамды ауруға шалдықтыратын жағдайда, мүмкіндік туғанға дейін тәйәммүм соғып, намаз оқылады.

Бірде Амр ибн Ас сапарда жүніп болып қалып, ауа райы қатты суық болған соң, жуынбай тек қана тәйәммүм алып намаз оқыған. Осы мәселе Пайғамбарымызға айтылғанда, ол қарсылық білдірмейді.²⁵

- *Топырақпен тазаланудың сыры не?*

Адам баласы су мен топырақтан жаратылған. Су болмысы тазалағыш болып келеді. Ал су табылмаған жағдайда, топырақпен тазалануды бұйырған. Бұл да адамның неден жаратылғанын ескерту үшін болса керек.

²⁵ Әбу Дауд, Таһарат, 124

- **Таң намазына жүніп болып оянган адамның, күн шығып бара жатқандықтан, ғұсыл алуға уақыты жетпесе, тәйәммүммен намаз оқуына бола ма? Соңынан ол намазының қазасын өтеу қажет пе?**

Күнделікті парыз намаздың бірінде жүніп болған адамның ғұсыл алуға уақыты жетпесе, яғни ғұсыл алған жағдайда намаз уақыты шығатын болса, су бола тұра тәйәммүм алуы дұрыс емес. Ондай жағдайда ғұсыл алып дереу намазын (қаза болса қазасын) оқиды.

Мұндай жағдайда тәйәммүм алуға байланысты Ханафи мазхабы намаздарды үшке бөліп қарастырған:

1. Нәпіл намаздар: Бұл намаздардың парыз етілген белгілі уақыттары болмағандықтан тәйәммүммен оқуға болмайды.

2. Парыз намаздар мен жұма намазы: Бес уақыт парыз намаздары мен жұма намазы секілді, уақытында оқи алмаса кейін қазасын орындай алатын намаздарда (бес уақыт парыз намазды уақытында оқи алмаса, қазасын өтейді, ал жұма намазын оқи алмаса бесін намазын оқиды) уақыт тығыз болса да, тәйәммүм алып намаз оқығаны дұрыс емес. Егер сұрақта айтылғандай намаз уақыты шығып кетеді деп тәйәммүммен намаз оқыған болса, ол намазын қайта оқиды.

3. Қазасы жоқ намаздар: Жаназа және айт намаздары. Бұл намаздардың қазасы болмағандықтан (яғни уақытында оқымаса, кейін оқи алмайтын болғандықтан) тәйәммүм алуға болады.²⁶



²⁶ Әл-фиqh әлал мазахиб, 1/107

«Намаз оқыңдар, зекет беріңдер,
іліушілермен бірге іліңдер»

(Бақара, 43)

«Иман келтірген қылдарыма айт:
Намазды толық орындасын, сауда мен
достық болмайтын бір күннің келуінен
бұрын өздеріне берген несібемізден
(Аллаһ жолында) жасырын - жария
жұмшасын»

(Ибраһим, 31)

«Олар кітапты берік ұстанып,
намазды толық орындағандар! Шын
мәнінде біз игілік істегендердің сауа-
бын зая қылмаймыз»


(Ағраф, 170)

«Намазы болмаған дінде жақсылық
жоқ»

(Хадис)

«Раббым! Мені әрі ұрпақтарымыды
намазды толық орындаушы ет! Уа
Раббымыз! тілегімізді қабыл ал!»

(Ибраһим, 40)



ДІННІҢ ТІРЕГІ

НАМАЗ

***Діннің басы - Ислам,
тірегі - намаз,
шыңы - күрес.***

(хадис)

❁ НАМАЗ ❁

Аллаһты танып білуден – кейінгі ең маңызды парыз – намаз. Намаз – Аллаһ елшісінің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Миғраж түні адамзатқа алып келген ұлық сыйлығы. Балиғат жасына жеткен, ақылы толысқан әрбір мұсылманға күн сайын бес уақыт намаз оқу – парыз.

Құран Кәрімнің көптеген жерінде «намаз оқындар» - деп намаздың өте маңызды парыз екендігін айрықша білдірген.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде: **«(Уа, Мұхаммед!) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды» (Анкабут, 45); «Намазды толық оқындар» (Хаж,78); «Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді» (Ниса,103) - дейді.**

Намаз хижраттан бір жарым жыл бұрын Миғраж түні парыз болған. Әнас (р.а.) жеткізген бір хадисте : «Миғраж түнінде хазіреті пайғамбарға елу уақыт намаз парыз етілген, кейін азайтып беске түсірді. Сол кезде Аллаһ тағала былай дейді: «Уа, Мұхаммед! Менің сөзім өзгермес. Бес уақыт намазда сен үшін елу уақыт намаздың сауабы бар»²⁷– деп айтылған.

Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте бір кісі келіп: «Уа, Расулаллаһ! Исламда Аллаһ тағаланың ең жақсы көретін амалы қандай?» – деп сұрады. Ол (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «Уақытында оқылған намаз. Себебі, намаз – діннің тірегі, намазы жоқтың діні жоқ», – деп жауап береді.

Намаз – Аллаһ пен құл арасындағы байланыс негізі.
Намаз – иманымыздың, құлдығымыздың нышаны.

²⁷ Тирмизи, Салат, 45

Намаздың парыздары

Намаздың он екі парызы бар. Бұлардың алтауы – намаз ішінде, алтауы – сыртында. Сыртқы парыздар намаз басталмас бұрын орындалады. Ал ішкі парыздар намазға тұрғанда орындалуы тиіс.

Сыртқы парыздар

1. Хадасаттан тазалық. Жүніп болу, дәретсіз болу, хайыз (етеккір) немесе нифас жағдайлары - «хадас халі» деп аталады. Бұл хадасаттардан тазалану – ғұсыл, дәрет немесе тәйәммүм алу арқылы іске асады.
2. Нәжістерден тазалану – дене мен киімде немесе намаз оқылатын жердегі ластықтардан тазалану деген сөз.
3. Әурет жерлерін жабу. Әурет – қарауы харам, жабылуы парыз дене мүшелері. Ерлердің әурет жерлері: кіндік пен тізенің арасы, (тізе көрінбеу керек). Әйел үшін – жүз, қол, аяқтан басқа (тобықтан төмен) барлық дене әурет болып саналады.
4. Құбылаға бет бұру. Намазды құбылаға қарап оқу шарт.
5. Уақыт. Парыз және уәжіп намаздарының белгілі уақыттары бар. Әр намазды өз уақытында орындау парыз. Намаз уақыты кірместен намаз оқу дұрыс емес. Себепсіз намазды уақытынан кешіктіріп оқу күнә.
6. Ниет – Аллаһ разылығы үшін намаз оқуды жүреппен қалау. Іштей (жүректен) ниет ету шарт, ал тілмен айту мұстахап²⁸. Ниет еткенде қай намаз оқитынын білу керек. Оқитын намазынан басқа намазға ниет етсе намазы дұрыс болмайды.

Ішкі парыздар

1. Ифтитах тәкбірі – намазды бастарда, тік тұрып, өзіне естілетіндей дауыспен «Аллаһу әкбар» деп құлақ қағып, тәкбір айту.

²⁸ Мұстахап – Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) кейде жасап, кейде жасамаған амалдары.

2. Қиям – намазда тік тұру.
3. Қырағат (Құран оқу). Намазда оқылатын аяттың ең қысқасы үш аят немесе осы үш аяттың көлеміндей бір яки екі аят.
4. Рүкүғ – қолды тізеге қойып, иілу.
5. Сәжде – мандай, мұрын, екі аяқ, екі қол және екі тізе жерге тигізіледі. Сәжде әрбір рәкатта екі мәрте жасалады.
6. Ақырғы отырыс. Әрбір намаздың соңында «әт-тахият» оқылатындай уақыт отыру парыз.

Намаз уәжіптері

1. Намазда «Фатиха» сүресін оқу.
2. Парыз намаздарының алғашқы екі рәкатында, үтір мен сүннет намаздарының барлық рәкаттарында бір сүре немесе кез-келген үш аят қосып оқу.
3. «Фатиханы» қосымша сүре немесе аяттардан бұрын оқу.
4. Бесін, намаздыгер және күндіз оқылатын нәпіл намаздарды құпия оқу.
Жеке намаз оқыған адам бамдат, ақшам және құптан намаздарын жария немесе құпия оқуға еркі бар.
5. Үш немесе төрт рәкатты намаздарда бірінші отырыс (екінші рәкаттың соңындағы отырыс).
6. Жамағатпен оқылатын намаздардан бамдат, ақшам, құптан, жұма, айт намаздарының алғашқы екі рәкатында имамның жария оқуы.
7. Сәждеде мандайымен бірге мұрнын да жерге тигізу.
8. Үш немесе төрт рәкаттық намаздардың екінші рәкатында «әт-тахиятты» оқитындай уақыт отыру.
9. Алғашқы және соңғы отырыста «әт-тәхиятты» оқу.
10. Үтір намазында құныт дұғасын оқу және құныт тәкбірін алу.

11. Бесін мен екінді намаздарында фатиха мен қысқа сүрені жасырын оқу.
12. Намаздың соңында сәлем беру.
13. Намаздағы уәжіптердің біреуі орындалмаса, сәһу (қателік) сәждесін жасау.

Сәһу (қателік) сәждесі

Сәһу сәждесі – намазда болған қателікті дұрыстау үшін намаздың соңында жасалатын сәжде. Егер намаздағы парыздардың біреуі немесе бірнешеуі орындалмаса намаз бұзылады, бұл намазды сәһу сәждесімен дұрыстай алмайды. Ал егер намаздың парыздарынан біреуін қателесіп кешіктірсе немесе бір уәжіпті ұмытып тәрк етсе, намаздың соңында сәһу сәждесін жасайды.

Сәһу сәждесі қалай жасалады?

Намаздың соңғы отырысында «әт-тахиятты» оқығаннан кейін екі жаққа сәлем беріп, қайта «Аллаһу әкбар» деп, екі рет сәждеге барып, қайта отырады. Одан кейін әрі қарай қайтадан «әт-тахият», салауат, «Раббәнә әтина» дұғасын оқып, екі жаққа сәлем беріп намазын тәмамдайды. Егер имам қателессе, тек қана бір жағына сәлем беріп, екі рет сәжде жасап, дұғаларын оқып намазын тәмамдайды.

Намаздың сүннеттері

Сүннеттерді орындау, оны әрдайым жасап отыру – Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) деген шынайы махаббаттың белгісі.

1. Бес уақыт намаз бен жұма намазы үшін азан мен камат оқу (әйелдерге мәкрүһ).
2. Тәкбір алу. Ер кісілер қолдарын құлақтарының жұмсағына тиетіндей етіп көтереді, ал әйелдер иықтарына жететіндей кеуделеріне дейін көтеріп, «Аллаһу әкбар» - деп тәкбір алады.

3. Қол байлау.
4. «Субханәкә» дұғасын оқу.
5. Алғашқы рәкатта құпия түрде «Ә'узу» мен «бисмиллаһты» айту.
6. «Фатиха» сүресі оқылғаннан кейін имам мен оған ұйығандар іштен «әмин» деу.
7. Рүкүфке және сәждеге барарда «Аллаһу әкбар» деп айту.
8. Қиямда тұрғанда екі аяқ арасын иықтың көлеміндей ашық ұстау.
9. Рүкүфда үш мәрте «Субхана Раббиял-азим» деу.
10. Рүкүфдан қайта тік тұрарда «Сәмиаллаһу лимән хамидах» деу.
11. Сәждеге бара жатқанда алдымен тізелерді, одан кейін қолдарды, одан кейін маңдай мен мұрынды жерге тигізу. Сәждеден тұрған кезде алдымен жүзді, одан кейін қолдарын тізелерінің үстіне қойып түрегелу.
12. Намаздағы отырыста сол аяғын жерге жатқызып, оң аяғын тік ұстап, саусақтарын құбылаға қаратып отыру – сүннет. Әйелдер аяқтарын оң жағына жатқызып жерге отырады.
13. Сәждеде үш мәрте «Субхана раббиял а'ләә» деп айту.
14. Екі сәжде арасында отыру.
15. Екі сәжде арасында, алғашқы және соңғы отырыста қолды тізеге жақын, санның үстіне қою.
16. Парыз намаздардың үшінші, төртінші рәкаттарында «Фатиха» сүресін оқу.
17. Соңғы отырыста «Әт-тахияттан» кейін «Аллаһумма салли, Аллаһумма бәрик» дұғаларын оқу.
18. Намазда басқалар алдын кесіп өтпеу үшін алдына қалқа қою. Жамағатпен оқылатын намазда имамның алдына қойылса жеткілікті. Намаз оқыған кісі алдынан өтпек болған адамға «Субханаллаһ» деп ескерте алады.

Намазды бұзатын нәрселер:

1. Ешқандай себепсіз намаздың (сыртқы немесе ішкі) парыздарынан біреуін немесе одан көбін орындамау.
2. Намазда сөйлеу.
3. Намазда біреуге сәлем беру немесе өзгенің сәлемін алу.
4. Намазға қатысы жоқ іс-әрекет жасау. Намаз оқып тұрған адамның намаз оқып, оқымағаны жайлы сырттан қараған адамға күмән келтіретіндей көп іс-әрекеттер жасау. Мысалы: Бір рәкаттың ішінде бір жерін үш мәрте қайталап қасыса, себепсіз қатарынан тоқтамай үш қадам басса намаз бұзылады.
5. Намазда ішіп-жеу (Тістің арасында қалған ноқат дәнінен үлкен нәрсені намазда жұтса намаз бұзылады, одан кіші болса бұзылмайды).
6. Құбыладан басқа жаққа кеудесімен бұрылу.
7. Әурет жерінің ашылуы (Ханафи мазхабында әурет жері болып саналатын мүшенің төрттен бірі ашылса намаз бұзылады).
8. Дауыстап күлу. (Жанындағы адам еститіндей етіп күлу – намаз бен дәретті бұзады, ал тек өзі еститіндей дыбыс шығарса намазы бұзылып, дәреті бұзылмайды).
9. Ақылынан адасу, талып қалу.
10. Намаз ниетін ауыстыру. (Оқып жатқан намаздан басқа намазға ниет етсе).
11. Әріптері белгілі болатындай «ah, uh» деу.

ШЫНАЙЫ НАМАЗ

Асқан иман иесі Омар (р.а.) үй-ішін түнгі намазға “отбасыңа намаз оқуды бұйыр, өзің де сабырлықпен намаз оқуыңды жалғастыр. Сенен ризық сұрамаймыз, (керісінше) Біз сені ырзықтандырамыз. Жақсы нәтиже тақуалық арқылы келеді ²⁹”, – деген аятты оқып оятатын.

Рухани әлемнің қайталанбас тұлғасы Омар Фаруктың жамағатпен намаз оқып тұрғанда жылаған даусы соңғы қатардағыларға дейін естіліп, көбіне солығын баса алмай аяттарды соңына дейін оқуға дәрмені қалмайтын. Тіпті кейде оқыған Құран аяттарының мәніне терең бойлаған сәтте талықсып құлап түсетін.

Ол намазға тұрған кезінде бұл дүниемен байланысын толық үзіп, өзін біржола ұмытатын. Тіпті Әбу Лүлү деген кісі оны намаз оқып тұрған кезінде келіп пышақтағанда, өзінің айтуынша “үшінші рет пышақ ұрғанға дейін оны ит екен” деп ойлаған. Бұл – оның намазға қаншалықты мән бергендігінің белгісі. Пышақталғаннан кейін есінен танып жатқан хазіреті Омардың есін жинату үшін қандай шара қолданса да болмапты. Сонда оны жақсы танитындар “оның есін намаз ғана жиғыза алады” деп, жанындағылар: “о, мұсылмандардың әміршісі, намаздың уақыты кірді” дегенде, халифа Омар (р.а.) “*Намаз оқымағанның Исламнан нәсібі жоқ*”³⁰ – деп өз-өзіне келген екен.

²⁹ Taha,132

³⁰ Табақат,3,350; Қандаһлауи,4,1439; А. Әділбаев,Саңлақ сахаб - лар,68-б.

❁ АЗАН ❁

Азан – сөзі «хабар беру, естірту» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі терминдік мағынасы – парыз намаздардың уақытын білдіру үшін арнайы айтылатын сөздер.

Азан – адамдарға намаз уақытының кіргендігін және жамағатпен намаз оқитындығын білдіреді. Сонымен қатар Аллаһтың ұлылығын, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Аллаһтың елшісі және намаздың игілікке апарар ізгі жол екендігінен хабар береді.

Ерлер үшін азан – бекітілген сүннет. Аллаһ тағала Құран кәрімде: **«Ей, иман еткендер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылындар және сауда-саттықты тоқтатындар»**,³¹ – деген.

Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) намаз уақыты кірген кезде: *«Араларыңнан біреу азан оқып, жасы үлкені имам болсын»*,³² -дейтін.

Және тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Азаншы даусының естілген жерінің ұзақтығына қарай күнәсы кешіріледі. Даусы естілген жердегі барлық нәрсе оған куәлік етеді»*³³ деп азан айтудың өте үлкен сауап іс екенін түсіндірген.

³¹ Жұма, 62/9

³² Бухари Азан, 17

³³ Бухари Әдәп, 107

Азанның оқылуы:

Аллаһу әкбар	(4 рет)
Әшһәду әл-ләә иләһә ил-лаллаһ	(2 рет)
Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ	(2 рет)
Хаййә алас-Саләһ	(2 рет)
Хаййә аләл-Фәләх	(2 рет)
Аллаһу әкбар	(2 рет)
Ләә иләһә ил-лаллаһ.	(1 рет)

Қазақша мағынасы:

Аллаһ аса ұлы, Аллаһ аса ұлы!
Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін,
Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік етемін.
Намазға (жан рақатына) асық!
Азаттыққа, мәңгілік бақытқа жетуге асық!
Аллаһ аса ұлы, Аллаһ аса ұлы!
Аллаһтан басқа құдай жоқ.



Бамдат намазында екі рет «Хаййә аләл Фәләх» дегеннен кейін, екі рет «әс-салату хайрун минән-нәум» (намаз ұйқыдан жақсы) сөздері қосылып айтылады.

Намаз кестесі

Балиғат жасына жеткен, әрбір саналы мұсылман ер кісі мен әйел адамға күніне бес уақыт намаз оқу – парыз. Егер намаздың уақыты кірсе, ол намаз қашан оқылғанға дейін кісіге парыз болып тұра береді.


Бес уақыт намаз төмендегі тізбекте көрсетілгендей оның он жеті рәкаты – парыз, үш рәкаты – уәжіп, он екі рәкаты – сүннет.

Уақыт	Алғашқы сүннеттер	Парыз	Соңғы сүннет	Үтір	Барлығы
Бамдат	2	2			4
Бесін	4	4	2		10
Екінді		4			4
Ақшам		3	2		5
Құптан		4	2	3	9

Екінді мен құптан намаздарының алдында төрт рәкат бекітілмеген сауабы мол сүннет бар.

«Намаздың
алғашқы уақыты
Аллаһтың
разылығын, ортаңғы
уақыты Аллаһтың
мейірімін, соңғы
уақыты Аллаһтың
кешірімін алуға се-
бепкер болады»

(Хадис)



Бес уақыт намаздың оқылу үлгісі

Бамдат намазы

Намаз толық болу үшін парыз, уәжіп, сүннеттерін ретті, кемшіліксіз орындаған дұрыс.

Бамдат намазы 4 рәкаттан тұрады: 2 рәкат сүннет және 2 рәкат парыз.

Бамдат намазының 2 рәкат сүннеті

Уақыт кірісімен, дәрет алып дайындық жасаймыз. Жүзімізді құбылаға қаратып, бамдат намазының екі рәкат сүннетін оқуға ниет етеміз.

1-рәкат.

❁ Ниет ❁



Ниет «Бамдат намазының екі рәкат сүннетін оқуға ниет еттім» – деп іштей айтылады. Жүрекпен ниет ету – парыз, тілмен айту – мұстахап.

❖ Тәкбір ❖



Ерлер: Екі алақанын құбылаға қаратып, бас бармақпен құлақ қағыш «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтады.



Әйелдер: Екі алақанын құбылаға қаратып, саусақ ұштарын иықтарына туралап «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтады.

❖ Қиям ❖



Ерлер: Оң қолын сол қолының үстіне қойып, бас бармақ пен кішкентай саусақпен сол қолдың білегін қапсыра ұстау керек. Қос қол кіндіктен сәл төмен тұсқа байланады.



Әйелдер: Оң қолын сол қолының үстіне қойып, көкірек тұсына ұстайды.

Сонан соң қатарымен төмендегілер оқылады³⁴:

- 1) Субханәкә
- 2) «Ә'узу» мен «бисмиллаһ»
- 3) Фатиха
- 4) Құраннан бір сүре немесе кем дегенде үш аят.

❁ Рүкүғ ❁

Осыдан кейін «*Аллаһу әкбар*» деп рүкүғке барады. Рүкүғ кезінде «*субхана раббиял азим*» деп үш мәрте тәсбиһ айтады.



Ерлер: Саусақтарының арасын ашық ұстап, қолды тізенің үстіне қояды. Бас пен арқа бір деңгейде болып, аяқты түзу ұстайды.



Әйелдер: Саусақтарының арасын ашпастан тізесіне қояды, арқасы мен тізесін біраз бүгеді.

³⁴ Бұл жерде оқылатын сүрелер мен дұғалар кітаптың 72-80 беттерінде берілген.



«Сәмиаллаһу лимән хамидаһ» деп рүкүгден тұрады. Тұрғаннан кейін «*раббәнә уә ләкәл-хамд*» сөзі айтылады.

❖ Сәжде ❖

Содан соң «*Аллаһу әкбар*» деп сәждеге барады. Сәждеге барарда ең алдымен тізе, сосын қол, одан кейін маңдай мен мұрын жерге тиеді. Сәждеде «*субхана раббиял а'ләә*» деп үш мәрте тәсбиһ айтады.



Ерлер: Сәждеде шынтақтарын ашып, жерге тигізбей ұстайды. Аяқ ұшымен жер тірейді.

Әйелдер: Сәждеде білектерін жерге қойып, шынтақтарын қабырғасына жақын ұстайды. Аяқ ұшымен жер тірейді.

Екі сәжде арасындағы отырыс

Сонан соң «*Аллаһу әкбар*» деп басын сәждеден көтеріп тізерлеп отырады. Отырғанда «субханаллаһ» сөзі айтылатындай қысқа уақыт кідіреді. Қолымыздың ұшы тізеге тиіп, санның үстіне қойылады.



Ерлер: Сол аяғын жайып, үстіне отырады. Оң аяғын тік ұстайды.



Әйелдер: Екі аяғын оң жаққа жіберіп, жартылай жамбастап жерге отырады.

Бұдан соң «*Аллаһу әкбар*» деп екінші мәрте сәждеге барады, сәждеде «*субхана раббиял а'ләә*» деп үш мәрте тәсбих айтады.

2-рәкат. Сәждеден тұрғанда: Алдымен басын көтеріп, сонан соң қолымен тізесін таянып **«Аллаһу әкбар»** деп қиямға барады.



Қиямда кезегімен төмендегілерді оқиды:

- 1) *«Бисмиллаһ»*
- 2) *«Фатиха»*
- 3) *Құраннан бір сүре немесе ең азы үш аят*

Бұдан кейін бірінші рәкаттағы секілді рүкүғ пен сәжде жасалады. Екінші сәждеден кейін **«Аллаһу әкбар»** деп екі сәжде арасында отырғандай ақырғы отырысқа отырады.

❦ Соңғы отырыс ❦



Отырғанда кезегімен төмендегілерді оқиды³⁵:

- 1) *Әт-тахият;*
- 2) *Аллаһумма салли;*
- 3) *Аллаһумма бәрик;*
- 4) *Раббәнә әтинә*

³⁵ Бұл дұғалар кітаптың 80-82 беттерінде берілген.

❖ Екі жаққа сәлем беру ❖



Дұғаларын оқып болған соң «Әс-сәләму аләйкум уа рахматуллаһ» деп, алдымен оң жақ иығына, содан соң дәл осылайша сол жағына сәлем беріп намазын тәмәмдайды.

Қамат

Қаматтың сөздері азан сөздерімен бірдей. Тек қана «Хаййә ‘аләл-Фәләх» дегеннен кейін: «қад қаматис-салааһ» (намаз басталды) деп екі рет қайталайды.

Жеке немесе жамағатпен парыз намазға тұрар алдында қамат айту – бекітілген сүннет. Тек ер кісілер ғана қамат айтады, әйел кісілер қамат айтпайды.

Ерлер қамат айтарда қиямға тұрып, жүздерін құбылаға қаратып былайша қамат айтады :

Аллаһу әкбар	(4 рет)
Әшһәду әл-ләә иләһә ил-ләллаһ	(2 рет)
Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ	(2 рет)
Хаййә алас-саләһ	(2 рет)
Хаййә аләл-фәләх	(2 рет)
Қад қааматис-салааһ	(2 рет)
Аллаһу әкбар	(2 рет)
Ләә иләһә ил-ләллаһ	(1 рет)

Бамдат намазының 2 рәкат парызы

❦ 1-РӘКАТ ❦

Қамат	Субханака	Рүкүф	Қиям	Сәжде
Ниет	Ә'узу бисмилләһ	«субхана раббиял азим» «субхана раббиял азим»	«Сәмиаллаһу лимән хамидәһ» «Раббәнә уә ләкәл- хамд»	«субхана раббиял а'ләә» «субхана раббиял а'ләә»
Тәкбір	Фатиха	«субхана раббиял азим»		«субхана раббиял а'ләә»
	Сүре			
				

❦ 2- РӘКАТ ❦

❦ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❦

Бисмилләһ	Рүкүф	Әт-тахият	Оң жаққа сәлем	Сол жаққа сәлем
Фатиха		Аллаһумма салли Аллаһумма бәрик Раббәнә әтина	«Әс-сәләму алейкум уә рахматуллаһ»	«Әс-сәләму алейкум уә рахматуллаһ»
Сүре				
				
	Сәжде			
				

Бесін намазының 4 рәкат сүннеті

❦ 1- РӘКАТ ❦



❦ 2- РӘКАТ ❦



❦ ОТЫРЫС ❦




❦ 3- РӘКАТ ❦



❦ 4- РӘКАТ ❦



❦ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❦




Бесін намазының 4 рәкат парызы

❁ 1– РӘКАТ ❁


Қамағ
Ниет
Тәкбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ

Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде

❁ 2– РӘКАТ ❁

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде



❁ ОТЫРЫС ❁

Әт-тахият



❁ 3– РӘКАТ ❁

Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде


❁ 4– РӘКАТ ❁




Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде


❁ СОҒҒЫ ОТЫРЫС ❁

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем







Бесін намазының 2 рәкат сүннеті

❁ 1-РӘКАТ ❁

Ниет	Рүкүф	Сәжде
Тәкбір	«субхана раббиял азім»	«субхана раббиял а'ләә»
Субханәкә	«субхана раббиял азім»	«субхана раббиял а'ләә»
Ә'узу бисмилләһ	«субхана раббиял азім»	«субхана раббиял а'ләә»
<p>Фатиха</p> <p>Сүре</p> 		

❁ 2- РӘКАТ❁

❁ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❁

Бисмиллаһ	Рүкүф	Әт-тахият	Екі жаққа сәлем
Фатиха		Аллаһумма салли	
Сүре	<p>Сәжде</p> 	Аллаһумма бәрик	
		Раббәнә әтина	
			


Екінді (намаздыгер) намазының 4 рәкат парызы

❦ 1– РӘКАТ ❦


Қамат
Ниет
Тәкбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ

Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде

❦ 2– РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде



❦ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият



❦ 3– РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде


❦ 4– РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Рукуғ
Сәжде


❦ СОҒҒЫ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма барик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем


Ақшам намазының 3 рәкат парызы

❦ 1–РӘКАТ ❦

Қамат
Ниет
Тәкбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ

Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде

❦ 2–РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде



❦ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият


❦ 3–РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде


❦ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жакқа сәлем


Ақшам намазының 2 рәкат сүннеті

❁ 1-РӘКАТ ❁

Ниет	
Тәкбір	
Субханәкә	
Ә'узу бисмилләһ	
	Фатиха
	Сүре
	Рүкүғ
	Сәжде

❁ 2-РӘКАТ❁

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде


❁ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❁

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем


Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уәсәлләм) бірде сахабаларынан:

- Үйінің алдында өзен ағып жатқан кісі сол суға күніне бес рет шомылып тұрса, денесінде кір қалар ма еді?- деп сұрайды.

Сонда сахабалары:

- Уа, Аллаһтың елшісі, ешқандай кір қалмайды,- деп жауап береді.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уәсәлләм):

- Бес уақыт намаз да дәл сол секілді, пендені күнәларынан тазалап тұрады,- деген-ді.



Құптан намазының 4 рәкат парызы

❦ 1- РӘКАТ ❦


Қамағ
Ниет
Тәжбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ



- Фатиха
- Сүре
- Рүкүғ
- Сәжде


❦ 2- РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде




❦ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият




❦ 3- РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде




❦ 4-РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Рүкүғ
Сәжде



❦ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем



Құптан намазының 2 рәкат сүннеті


❦ 1- РӘКАТ ❦

Ниет
Тәкбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде




❦ 2- РӘКАТ ❦

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде



❦ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❦

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем



«Кім үйінде дәрет алып, парыз намазын өтеу үшін мешіттердің біріне барса, оның бір қадамы күнәсін кетірсе, екінші қадамы бір дәрежеге көтереді»

(хадис)



Үш рәкат үтір намазы

❁ 1- РӘКАТ ❁

Ниет
Тәкбір
Субханәкә
Ә'узу бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде



❁ 2-РӘКАТ ❁

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Рүкүғ
Сәжде




❁ ОТЫРЫС ❁

Әт-тахият



❁ 3- РӘКАТ ❁

Бисмилләһ
Фатиха
Сүре
Тәкбір





Кұнығ дұғасы
Рүкүғ
Сәжде



❁ СОҢҒЫ ОТЫРЫС ❁

Әт-тахият
Аллаһумма салли
Аллаһумма бәрик
Раббәнә әтина
Екі жаққа сәлем



Тәспих

Намазды толығымен бітіргеннен кейін, «Аллаһумма әнтәс-сәләәму уә минкәс-сәләәм, тәбәәрактә иәә зәл-жәләәли уәл-икраам» деп Пайғамбарымызға «саллаллаһу аләйһи уәсәлләм» немесе «аләйһис-салату уәс-сәләм» салауат айтады. Артынша «сухбаналлаһи уәлхамду лилләһи уәләә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар, уәләә хаула уәләә қууата иллә биллаһил- алиил азиим» дегеннен кейін, Ә'узу бисмилләһпен «**Аятул курси**» оқылады.

Содан соң (33 рет) «Субханаллаһ», (33 рет) «Әлхамду-лиллаһ», (33 рет) «Аллаһу әкбар» деп тәспих тартып, біткеннен кейін, қалаған дұғасын оқып Аллаһ тағаладан тілек тілейді.

Жамағатпен намаз оқу

- Имам – жамағатқа намаз оқытатын адам.
- Азаншы – мешітте азан мен қамат айтатын адам.
- Бес уақыт парыз намаздарды жеке немесе жамағатпен оқуға болады. Жұма намазы мен айт намаздарын міндетті түрде жамағатпен оқу керек (бұл намаздар жеке оқылмайды).
- Жамағатпен оқылған намаздың сауабы мол. Ол туралы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Жамағат намазы жеке кісінің намазынан жиырма жеті есе артық» деп жамағатпен оқудың артықшылығын айтқан.
- Бес уақыт парыз намаздарды жамағатпен оқу үшін екі кісі жеткілікті, ал жұма мен айт намаздарын оқу үшін имамнан тыс үш кісі болуы керек.



Жамағатпен намаз оқудың үлгісі

Азаншы азан шақырып, қамат айтқаннан кейін оқылатын намазға және имамға ұюға ниет етеміз. Мысалы: «жұма намазының парызын оқуға ниет еттім, имамға ұйыдым» дейміз. Содан кейін имам тәкпір алысымен, біз де тәкпір алып, іштей «Субханәкә» дұғасын оқимыз.

Имам «фатиха» сүресі мен қосымша бір сүре оқиды. Сол уақытта біз үндемей имамды тыңдап тұрамыз. Имамның рүкүф пен сәжделерін көп кешіктірмей қайталап ілесіп отырамыз. Имамның дауыстап айтқан барлық тәкбірлері мен намазда оқылатын таспих пен дұғаларды іштей оқимыз. Соңында имаммен бірге сәлем беріп намазымызды тәмәмдаймыз.

Сұрақ - жауап

Автобус, пойыз, ұшақ секілді көліктерде намаз оқи аламыз ба?

Намаз парыз ғибадаттардың бірі болғандықтан мұсылман адам қандай жағдайда болса да міндетті түрде намазды уақытында және шарттарына сай орындауы қажет. Намазды уақытынан әдейілеп кешіктіру – үлкен күнә. Жоғарыда айтылғандай, намаздың ішкі және сыртқы 12 парызы бар. Қатты зәру жағдай болмайынша бұл 12 парыздың қай-қайсысын орындамаса, намаз дұрыс болмайды. Ал ұзақ сапарға автобус, пойыз, ұшақпен шыққанда, бұл шарттардың орындалуы көбінесе қиынға соғады. Сондықтан мұндай жағдайларда айтылған шарттардың кейбіреулері орындалмай жатса, фикһ ғұламалары бұны зәруліктен деп қараған³⁶.

Бұл зәрулікке себеп болатын жағдайлар: автобустан түссе ұры-қары, жыртқыш жануарлардан, дұшпаннан қауіп-қатер төнуі, жердің балшық болуы, қарт кісінің көліктен түсіп қайта мінгізетін жәрдемшісінің болмауы, тағы сол сияқты себептер болса, автобуста намаз оқуға болатындығын айтқан.³⁷

Мысалы: автобуста намаз оқылған сәтте, құбылаға қарау, қиям, сәжде секілді намаздың үш шарты орындалуы қиынға соғады. Бұл үш шартты орындауға тырысып, бірақ еш орындай алмаса, бұл жағдайды зәрулік деп санап намазын автобустың бағытына қарай отырып оқиды. Осылайша бір мұсылман қандай жағдай болмасын намазын шамасы жеткенше қазаға қалдырмауы керек.

Ал пойыз бен ұшақта ыңғайын тауып құбылаға қарап, ал бос жер табылып жатса, рүкүф пен сәждесін жасап намазын толық оқиды. Егер бос жер табылмаған жағдайда автобуста оқығандай намазын ишаратпен оты-

³⁶ Шарахси, әл-Мабсут, Мысыр 1324, 1/249

³⁷ Ибн Хумам, Фатхул қадир, Мысыр 1379, 1/463

рып оқиды. Ал кемеде ешқандай кедергі жоқ, құбылаға қарап, ашық жер тауып намазды толығымен оқи алады.

Мұсылман адам намазын дүниелік істеріне қарай реттестірмей, керісінше, намаз уақыттарына қарай істерін ыңғайлау қажет. Тіпті біреумен жолығатын болса да, екінді намазынан кейін, ақшам намазынан бұрын деп уақыттарын намаз уақыттарына сай реттеп жүргені дұрыс. Бес уақыт намаз адамды бір жүйемен, әрбір уақытын есептеп жүруге тәрбиелейді.

Жолға шығатын кісі уақыттарын намаз уақытына қарай есептеп шыққаны дұрыс. Мысалы: ақшам намазын оқып шыққан кісі, құптан мен таң намазын автобустың тоқтаған жерінде дәретін алып орындай алады. Асығыс болған жағдайда тек парыздары оқылады және сапарда 4 рәкаттық парыз намаздарының қысқартылып 2 рәкаты оқылады³⁸. Жалпы автобустар 3-4 сағат сайын жолда тоқтайды, намазына қатты көңіл бөлген адам автобустан қалып қоймайтындай әрбір уақытын алдын ала есептеп тиімді пайдалануға болады.

Сүннет намаздарды орындамауға бола ма?

Сүннеттің иесі хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) болғандықтан, сүннетті орындау арқылы Пайғамбарымызға жақындап, сүннет сауабын аламыз. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл сүннеттерді мен үшін істендер демеген, ол сүннеттің ақыретте бізге қажет екендігін, парыздарымыз кем болған жағдайда оның орнын толықтыратын болғандықтан бұйырған. Бұл – бізге Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жанашырлығының белгісі.

Сүннет намазын тастап тек парыздарын оқыса, ол адам Аллаһ алдында тек парызын ғана орындаған болады. Мысалы: Қажылық – ол Мекке, Мина, Арафат және

³⁸ Тұрғылықты жерінен 90 шақырым ұзақтаған соң жолаушы үкімінде болып 4 рәкаттық парыз намаздар екі рәкат болып қысқартылып оқылады.

Муздалифа жерлерінде орындалатын ғибадат. Мұсылман адам Меккеге барып қажылығын толық орындаса, бірақ осы діннің жайылуына, бізге жетуіне басты себепші болған Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) мешітіне бармаса, бұл құрметсіздік болып саналады. Сол сияқты парыздарды орындап сүннеттерді орындамау – Пайғамбарымызға және оның сүннетіне құрметсіздік болады. Сондықтан құлшылықты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қалай орындаса, біз де тап солай орындағанымыз жөн.

Құран Кәрімде Аллаһ тағала: **«Ей, елші, оларға былай де: Егер Аллаһты жақсы көрсеңіздер, маған бойсұныңдар, сүннетіме еріндер, Аллаһ та сонда сендерді жақсы көреді»**³⁹ деген.

Олай болса, Аллаһты жақсы көрудің және өзімізді Аллаһқа жақсы көргізудің бірден-бір жолы Пайғамбарымыздың сүннетіне еру болып табылады. Өйткені Аллаһты шынайы жақсы көрген адам, әрине, Аллаһтың жақсы көрген, разы болған адамына ұқсауға тырысып, оның істеген іс-амалдарын өзіне үлгі қылады.

Сүннетті орындауға ниет етіп, оны орындауға тырысқан адам ақыретте Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) шапағатына және сүннеттің сауабына ие болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сүннет намаздары жайында: **«Кім он екі рәкат сүннет намазын оқыса, Аллаһ тағала оған жәннаттан үй тұрғызып береді. Олар: бесін намазының парызынан бұрын төрт рәкат және парызынан кейін екі рәкат; шамның парызынан кейін екі рәкат; құптаннның парызынан кейін екі рәкат; бамдаттың парызынан бұрын екі рәкат сүннет намаздары»**⁴⁰ – деген. Олай болса, шамамыз жеткенше, сүннеттерді орындап, ал орындай алмаған сүннеттерді алдағы уақытта орындауға ниет етсек, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) шапағатынан құр қалмаймыз.

³⁹ Әли-Имран, 31

⁴⁰ Сахих Муслим, 1/502

Бес уақыт намаз адамды жалықтыра ма?

Бұл дүниедегі ғұмырымыз өте қысқа. Келесі жылға, тіпті келесі күнге аман-есен жетерімізге кім кепіл? Пен-дешіліктен аса алмай, аз ғана құмарлыққа алданып, осы өмірде мәңгілік қалатындай сезінеміз. Егер есіл өміріміздің, осыншама ағыл-тегіл уақтымыздың түкке алғысыз босқа өтіп жатқанын жете түсіне білсек, онда күн сайын бізге берілген жиырма төрт сағаттың бір сағатын қиып, ертеңгі ана дүниеміздің мәңгілік бақытына қол жеткізетін жанға жайлы, көңілге хош намаз оқу бізді жалықтырмақ түгілі есесіне қайта қуантып, шынайы рахат сезімнің құшағына бөлер еді.

Күн сайын бірнеше мезгіл тамақтанамыз, су ішеміз, ауамен тыныстаймыз. Бізді бұлар жалықтыра ма?

Жалықтырмайды. Өйткені адамның денеге тән қажеттілігі қайталануда. Сіз бұдан тіпті ләззат та аласыз. Олай болса жүрегіміздің азығы, рухымыздың тіршілік нәрі, рухани ішкі сезімді баурайтын намаз да бізді жалықтырмауы тиіс.

Шындап келгенде, адам тек тәннен ғана тұрмайды. Оның тәнімен қатар жаны (рухы) да бар. Адам қалайша өз тәнін күтіп, оған керегін берсе, рухына да өзінің қажетін беру керек.

Рух – мәңгілікті аңсайды, өйткені ол о баста мәңгілік үшін жаратылған. Ол – басталу уақыты жоқ ежелден келе жатқан ээли, соңы жоқ әбәди Жаратушының айнасы. Тым нәзік адам рухы қиыншылығы мен ауыртпалығы мол, күйбең тіршілігі мен күйкі тірлігі бір үзілмейтін мына қараңғы өмірде қажиды, қатты қыспаққа түседі. Сондай кезде бір сәт кең тыныстағысы келеді. Ол тыныс намаз арқылы ашылады.

Алда болатын намаз қиыншылықтарын бүгіннен ойлап сабырсыздық таныту – келер күннің аштығы мен шөлін ерте ойлап, күні бұрыннан безек қаға уайымнан жүдеуді елестететін ақымақтық секілді. Егер

бұлтартпайтын шындық осы болса, онда ақылға жүгініп ғибадат тұрғысынан да тек бүгінді ойлау керек. «Бір сағатымды бергі дүниеде қиындығы аз болғанмен арғы дүниеде сауабы мол намазға арнап жатырмын» деген ойда болу керек. Сонда біз жалығудың орнына қайта жаңа құлшынысқа ие боламыз⁴¹.

Имамға кешігіп ұйыған адам қандай жағдайда мен мына рәкатқа үлгердім деп айта алады және кешіккен рәкатын қалай толықтырады?

Егер кісі намазға кешігіп келіп имамға ұйыса, имам сол сәтте рүкүфте болып ол да рүкүфке барса, онда бұл рәкатқа үлгерген болып саналады. Өйткені әрбір рәкат имамның рүкүфтен түрегелуімен аяқталады. Ал егер имам рүкүфтен көтеріліп қойғаннан кейін (қолын тізесінен алғаннан кейін) имамға ұйып рүкүфке барған болса, онда ол рәкат саналмайды.

Кісі үлгермеген рәкатын толықтыру үшін ақырғы отырыста тек қана «әт-тәхият» дұғасын оқиды. Имам екі жаққа сәлем бергенде, ол сәлем бермей дереу тұрып үлгермей қалған рәкатын оқып қайта ақырғы отырысқа отырады. Бұл жерде «әт-тәхият», «салауат», «раббанә этина» дұғаларын толық оқып, сәлем беріп, намазын аяқтайды.



⁴¹ С. Сених, Құлшылық құпиясы, (Ауд. Қ. Бағашар), Алматы, 2007, Б. 43

НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН ҚЫСҚА СҮРЕЛЕР

ФАТИХА СҮРЕСІ (سورة الفاتحة)

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ
بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١﴾ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ﴿٢﴾ مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ ﴿٣﴾ إِيَّاكَ
نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ﴿٤﴾ اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ﴿٥﴾ صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ
الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ﴿٦﴾

**Ә'узу биллаһи минаш-шайтанир-ражим
Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим**

«Әлхамду лилләһи рабил-'аләмийин, әр-рахмаанир-рахиим, мәәлики иәумид-диин, ийәкә на'буду уә ийәәкә нәста'ийин, иһдинас-сираатал-муस्ताқийим, сираатал-ләзина ән'амта 'аләйһим, гайрил-мағдууби 'аләйһим уәладдаал-лийн»⁴²

Мағынасы:

Қуылған шайтанның (кесірінен) Аллахқа сыйына-
мын

Рахман һәм Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын.

1. Барлық мадақ пен мақтаулар әлемдердің Раббы - Аллахқа тән.
2. Ол Рахман һәм Рахымды.
3. Есеп күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі.
4. Саған ғана ғибадат етіп, Сенен ғана жәрдем тілеп, көмек сұраймыз.
5. Бізді тура жолға сал.
6. Бізді өзіңнің ашуыңа, қарғысыңа ұшырағандар мен

⁴² «'» - арап тіліндегі (ع) айн әріпіне сәйкес келеді

Ескерту: Алғашқыда сүрелерде транскрипцияға қарағанмен, уақыт өте келе арабша мәтінінен жаттаған дұрыс.

тура жолдан тайған, адасушылардың жолына емес, ырыс-береке мен ізгі-жақсылықтарыңды, ерекше шарапатыңды төккен салиқалы құлдарыңның жолымен жүргіз.

АСЫР СҮРЕСІ (سورة العصر)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
وَالْعَصْرِ ﴿١﴾ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ﴿٢﴾ إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا
وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَّصَوْا بِالصَّبْرِ ﴿٣﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

«Уәл'аср, иннәл инсәәнә ләфи хуср, илләлләзинә әәмәнү уа амилүс-саалихати уа тауасау билхаққи уа тауасау биссабр»

Мағынасы:

1. Заманаға ант етемін.
2. Бүкіл адам баласы зиянда.
3. Бірақ, иман келтіріп, ізгі істер істегендер мен бір-біріне ақиқат пен сабырды үгіттескендер басқа.

ФИЛ СҮРЕСІ (سورة الفيل)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿١﴾ أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضَلِيلٍ ﴿٢﴾
وَأَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ ﴿٣﴾ تَرْمِيهِم بِحِجَارَةٍ مِّن سِجِّيلٍ ﴿٤﴾ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ
مَّاكُولٍ ﴿٥﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

«Әләм тәра кәйфа фа'алә раббука биасхаабил фиил, әләм иәж'ал кәйдаһум фи тадлиил, уа әрсәлә 'аләйһим тайран әбәбиил, тәрмиһим бихижааратим мин сижжиил, фәжә'алаһум кә'асфим-мә'куул»

Мағынасы:

1. Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?
2. Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме?
3. Оларға топ-топ әбабил құстарын жіберді.
4. Құстар оларға балшықтан күйдіріліп жасалған тастар атты.
5. Осылайша Аллах оларды топан тәрізді қылды.

ҚҰРАЙЫШ СҮРЕСІ (سورة قريش)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
﴿١﴾ إِيْلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ﴿٢﴾ فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ ﴿٣﴾
الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَآمَنَهُمْ مِنْ خَوْفٍ ﴿٤﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим
**«Ли-илафи құрайиш, ииләәфиһим рихләтәи-
шиттәә-и уассайф, фәлә'буду раббә һәәзәл бәйт, әлләзии
әт'амәһум мин жуу'иу уә әмәнәһум мин хауф»**

Мағынасы:

1. Құрайыштың бейбіт келісімі үшін.
2. Олардың қысы, жазғы бейбіт көшулері үшін.
3. Олар осы үйдің (Қағбаның) Раббысына құлшылық жасасын!
4. Оларды аштықтан құтқарып тойдырған және қауіп-қатерден сенімді қылған.

КӘУСӘР СҮРЕСІ (سورة الكوثر)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ﴿١﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ﴿٢﴾
إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ﴿٣﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим
*«Иннә ә'тайнакәл кәусәр, фасалли лираббика
уәнхар, инна шәниәкә һуәл әбтәр»*

Мағынасы:

1. Расында, Біз саған кәусарды бердік.
2. Сен де Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал.
3. Расында, сені жамандағанның өзі ұрпақсыз қалады.

КАФИРУН СҮРЕСІ (سورة الكافرون)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿١﴾ لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٢﴾
وَلَا أَنتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٣﴾ وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدتُّمْ ﴿٤﴾
وَلَا أَنتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٥﴾ لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим
*«Құл иәә әиһуәл кәфируун, ләә ә'буду мә тә'будун,
уәләә әнтум 'абидуна мәә а'буд, уә ләә әнә 'абидум
мә'бәдтум, уә ләә әнтум 'абидуна мәә а'буд, ләкум диин-
нукум уәлиадин»*

Мағынасы:

1. Былай де: Әй, кәпірлер!
2. Мен сендердің табынғандарыңа құлшылық жасамаймын.
3. Сендер де менің құлшылық жасағанымға табынбайсыңдар.
4. Сондай-ақ, мен сендердің табынғандарыңа құлшылық жасаушы емеспін.
5. Сондай-ақ, сендер де менің құлшылық жасағанымға табынушы емессіңдер.
6. Олай болса, сендердің діндерің өздеріне, менің дінім өзіме.

НАСЫР СҮРЕСІ (سورة النصر)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ ﴿١﴾ وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا ﴿٢﴾ فَسَبِّحْ
بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا ﴿٣﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим,

«Изә жәә насруллаһи уәл фатх, уа раәйтәннәсә иадхулуна фи динилләһи әфуәжә, фәсәббих бихамди раббикә уастағфирһ, иннаһу кәәнә тәууәбә»

Мағынасы:

- 1-2. Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келіп, адамдардың топ-тобымен Аллаһтың дініне кіргенін көрген кезде.
3. Раббыңды мақтап дәріпте және Одан жарылқау тіле. Өйткені Ол – тәууаб, тәубаларды қабыл етуші.

ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ (سورة الإخلاص)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ﴿١﴾ اللَّهُ الصَّمَدُ ﴿٢﴾ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ﴿٣﴾
وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ﴿٤﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахим

«Құл һуаллаһу аһад, Аллаһус-самад, ләм иәлид уә ләм иуләд, уә ләм иәкул-ләһу куфуан аһад».

Мағынасы:

1. Былай де: Аллаһ – жалғыз.
2. Аллаһ – Самад (Күллі жаратылыс әлем Оған мұқтаж. Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. Барлық нәрсе тек сол Ұлы Жаратушыдан жәрдем тілейді. Одан өзге ешкім көмек бере алмақ емес).

3. Ол тумады да туылмаған.
4. Оған тең келер еш нәрсе жоқ (Ол теңдесі жоқ, теңдессіз. Жаратылғанға мүлде ұқсамайды. Жаратылмаған, жаратылу, туу мен туылудан мүлдем пәк, әуелі мен ақыры болмаған аса құдіретті Жалғыз Ұлы Жаратушы).

ФАЛАҚ СУРЕСІ (سورة الفلق)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ﴿١﴾ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾
وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ﴿٣﴾ وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ ﴿٤﴾
وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ﴿٥﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

«Қул ә'узу бираббил-фәлақ, мин шәрри мәә халақ, уа мин шарри гаасиқин изә уақаб, уа мин шаррин-нәффәсәәти фил-'уқад, уа мин шарри хәәсидин изәә хәсад».

Мағынасы:

1. Таңның Раббысына сиынамын.
2. Жаратқан нәрселердің кесірінен.
3. Қараңғылық басқан сәтте түннің кесірінен.
4. Түйіншектерге дем салған дуалаушылардың кесірінен.
5. Нәм қызғаныштан тұла бойын өрт шалған көре алмаушылардың күндеген сәтте кесірінен, – деп айт.

(سورة الناس) НАС СУРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ﴿١﴾ مَلِكِ النَّاسِ ﴿٢﴾ إِلَهِ النَّاسِ ﴿٣﴾ مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ
﴿٤﴾ الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ ﴿٥﴾ مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ ﴿٦﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

«Құл ә’узу бирраббин-нәәс, мәликин-нәәс, иләһин-нәәс, мин шәррил-уәсуәәсил-ханнәс, әлләзи уәсуису фи сүдуурин-нәәс, минәл-жиннәти уәннәәс».

Мағынасы:

1. Адамдардың Раббысына,
2. Адамдардың жалғыз Иесіне,
3. Адамдардың Құдайына сиынамын.
4. Сол бір азғырған шайтанның кесірінен.
5. Ол – адамдардың жүрегіне жаман ой салып азғырады.
6. Ол шайтан жындардан да, адамдардан да шығады, деп айт.



АЯТУЛ-КҮРСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ
وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا
خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ ﴿٢٥٥﴾

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

«Аллаһу ләә иләһә илләә һуәл-Хайюл-Қайюм, ләә тәхзуһу синәту уә ләә нәум, ләһу мәә фис-сәмәуәәти уә мәә фил-ард, мән зәлләзи ияшфа'у 'индаһу иллә бизниһ, иа'ламу мәә бәйнә әйдиһим уә мәә халфаһум, уә ләә юхитуна бишәйим-мин 'илмиһи илләә бимәә шәә, уаси'а курсиюһус-сәмәуәти уәл-ард, уә ләә иәудуһу хифзуһумә уә һуәл-'Алиюл-'Азиим».

Мағынасы:

Аллаһ, Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол Хай (әрқашан бар һәм тірі) Һәм Қайюм (барлық жаратылысты басқарушы). Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жердегі нәрселердің бәрі Соған тән. Оның құзырында өз рұқсатынсыз кім шапағат ете алмақ? Ол жаратқан болмыстарының алды мен артының бәрін түгелдей біледі. Олар Оның қалауынан басқа ілімінен еш нәрсе ұға алмақ емес. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді қамтиды. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Ол – аса ұлы һәм өте жоғары. (Бақара/255)



НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Субханәкә

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

«Субханәкә Аллаһумма уа бихамдика уә тәбәрәкә-смука уә тә'ала жәддүкә уә лә иләһә гайрук»

Мағынасы: Уа, Аллаһым! Сені тәсбиһ етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған «хамд» айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрак. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір Күдай жоқ.

Әт-тахият

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ * السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ *
السَّلَامُ عَلَيْنَا وَ عَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ * أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ
وَرَسُولُهُ

«Әт-тахиятулилләһи уас-салауатууа-таййбәәт, әс-сәләму 'аләйка әйюһән-нәбию уә рахмәтуллааһи уә бәрәкәтуһ, әс-сәләму 'аләйнә уа 'алә 'ибәдилләһис-саалихиин, әшһәду әл-ләә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән 'абдуһу уә расуулуһ».

Мағынасы: Барлық дұғалар, мадақтар, тәндік, дүниелік ғибадаттар Аллаһқа лайық. Уа, Пайғамбар! Саған сәлем. Әрі саған Аллаһтың рақымы мен берекеті жаусын! (Уа, Раббымыз!) Сәлем бізге және Аллаһтың салиқалы құлдарына болсын. Мен Аллаһтан өзге ешқандай күдай жоқ екеніне, хазіреті Мұхаммед Аллаһтың құлы әрі пайғамбары екеніне куәлік етемін.

Аллаһумма салли

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ
إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Аллаһумма салли ‘алә Мухаммадин уа ‘алә әәли Мухаммад, кәмәә саллайтә ‘алә Ибраһимә уа ‘алә әәли Ибраһим, иннәкә хамидум мәжиид»

Мағынасы: Аллаһым! Ибраһимге және Ибраһимнің жанұясына салауат еткенің сияқты, хазірет Мұхаммедке және оның жанұясына салауат ет. Расында, Сен – барлық жағынан мақтауға лайықсың әрі даңқың ұлы.

Аллаһумма бәрик

اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ
إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Аллаһума бәрик ‘алә Мухаммадин уа ‘алә әәли Мухаммад, кәмә бәәрактә ‘алә Ибраһима уа ‘алә әәли Ибраһим, иннәкә хамидум мәжиид»

Мағынасы: Аллаһым! Ибраһимге және Ибраһимнің жанұясына берекет бергенің сияқты, хазірет Мұхаммедке және оның жанұясына да берекет бер. Расында, Сен – барлық жағынан мақтауға лайықсың әрі даңқың ұлы.

Хазіреті Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі пайғамбары екеніне куәлік етемін.

Раббәнә әтинә

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

«Раббәнәә әәтинә фид-дүния хасанатән, уа фил-аахирати хасанатән, уа қинәә ‘азәбән-нәр»

Мағынасы: Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ азабынан сақта!

Құныт дұғасы

اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَعِينُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنَسْتَهْدِيكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنَتُوبُ إِلَيْكَ وَتَتَوَكَّلُ عَلَيْنَا
وَإِنِّي عَلَى الْخَيْرِ كُلِّهِ نَشْكُرُكَ وَلَا نَكْفُرُكَ وَنَخْلَعُ وَنَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ.
اللَّهُمَّ إِنَّا نَعْبُدُكَ وَلَكَ نُصَلِّيُ وَنَسْجُدُ وَإِلَيْكَ نَسْعَى وَنَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَنَخْشَى
عَذَابَكَ إِنَّ عَذَابَكَ بِالْكَافِرِ مُلْحِقٌ

«Аллаһумма инәә нәстә’иинукә уә нәстағфирукә уә нәстәһдик, уә ну’мину бикә уә нәтуубу иләйкә уә нәтауәкқәлу ’аләйкә уә нусни ’аләйкәл-хайрә күлләһу нәшкурукә уә ләә нәкфурук, уә нахла’у уә нәтруку мән иәфжурук.

Аллаһумма ийәәкә нә’буду уә ләкә нусалли уә нәсәуду уә иләйкә нәс’а уә нахфид, нарәжу рахмәтәкә уә нахиәә ’азаабәкә иннә ’азаабәкә бил куффари мулхиқ».

Мағынасы:

Аллаһым, біз күмәнсіз Сенен жәрдем және кешірім тілеп, тура жол, һидаят сұраймыз. Саған иман етіп, күнәларымыз үшін тәубе етіп, Өзіңе арқа сүйейміз. Сені барлық жақсылықтармен мадақтап, зікір етеміз. Бізге берген ырыс-берекеңе шүкір етеміз. Сені теріске шығармаймыз. Саған қарсы келгендерді теріске шығарып, олармен мүлдем байланысымызды үземіз.

Аллаһым! Біз тек Саған ғана құлшылық етіп, сен үшін намаз оқып, саған сәжде етеміз. Саған лайық құл болып, сенің разылығыңды алу үшін жігерленіп, қайраттанып алға ұмтыламыз. Рақымдылығыңнан үміттеніп, азабыңнан қорқамыз. Күмәнсіз, азабың кәпірлерді қамтиды.

ТАЗАЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ДҰҒАЛАР:

Дәретханаға кірерде оқылатын дұға:

{اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبْثِ وَالْخَبَائِثِ}

«Аллаһумма инни ә'узу бика минәл-хубси уәл-хабаис».

Мағынасы: Аллаһым, ластықтан жәнелас нәрселерден саған сиынамын (сақтай гөр).

Дәретханадан шыққанда:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَذْهَبَ عَنِّي الْأَذَى وَ عَافَانِي

«Әлхамду лилләһил-ләзи әзһәбә 'аннил-әзә уә 'афәни»,

Мағынасы: Қиындықтан арылтып, жеңілдік берген Аллаһқа шүкір.

Дәрет дұғасы

بِسْمِ اللَّهِ

«Бисмил-ләһ»

Мағынасы: Аллаһтың есімімен.

Дәрет алып болғаннан кейін оқылатын дұға:

اللَّهُمَّ اجْعَلْنِي مِنَ التَّوَّابِينَ وَ اجْعَلْنِي مِنَ الْمُتَطَهِّرِينَ

«Аллаһумма ижә'ални минәт-тәуәбинә уәжә'ални минәл мутатаһһириин»

Мағынасы: Уә, Аллаһ тағала! Мені тәубеге келушілер мен күнәдан пәк жандардың санатына қоса гөр!

НАМАЗДАН КЕЙІНГІ ДУҒАЛАР

Парыз намазы оқылғаннан кейін:

{اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ}

«Аллаһумма әнтәс-сәләму уә минкәс-сәләм, тәбәарактә иәә зәл-жәләәли уәл-икраим»

Мағынасы: Аллаһым! Сен сәлемсің. Сәлем сенен. Сен күллі нұқсандық атаулыдан пәксің. Дүние мен ақырет сәлеметі мен бейбітшілігі сенің көмегіңмен ғана болады. Нағыз қасиетті – Сенсің. Уа, құдірет пен жомарт иесі Раб-бым.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Муазға әр намаздың соңында оқы деп өсиет еткен дұғасы:

اللَّهُمَّ اعْنِي عَلَيَّ ذِكْرَكَ وَشُكْرَكَ وَحُسْنَ عِبَادَتِكَ

«Аллаһумма, а'инни 'алә зикрикә уә шукрика уә хусни 'ибәдатик»

Мағынасы: Уа, Аллаһ тағала! Сені әрдайым еске алуымды, Саған шүкіршілік етіп, Өзіңнің талабыңа сай құлшылық етуімді нәсіп ете гөр!

رَبَّنَا اغْفِرْ لِي وَلِوَالِدَيَّ وَلِلْمُؤْمِنِينَ يَوْمَ يَقُومُ الْحِسَابُ

«Раббанәғфирли уәлиуәлидәййә уә лилмумининә иаума иақумул-хисәәб»

Мағынасы: Уа, Аллаһым! мені, әке-шешемді және мұсылмандарды қиямет күні кешіріміңе бөлей гөр!

اللَّهُمَّ وَفَّقْنَا إِلَىٰ مَا تُحِبُّ وَتَرْضَىٰ

«Аллаһумма уәффикнә ила мә тухиббу уә тәрда»

Мағынасы: Уа, Аллаһым! Бізге өзің жақсы көретін және разы болатын істерді нәсіп ете гөр!

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әл-Фикһ Әлал Мазахиб, 1987
2. Әл-Муттақи Хинди. Кәнзул Уммал, Бейрут
3. Ибн Хуман Фатхул кадир. Мысыр, 1379
4. Әл-Муғжамул Муфәһрес ибн Ал Фазил Құран, 2002
5. Шарахси, Әл-Мабсут, Мысыр 1324
6. Әл-Хақим Әл-Мустадрак әлас-Сахихаин. Бейрут, 1990.
7. Саффет Сених. Құлшылық құпиясы. А., 2007.
8. М. Исаұлы., Қ. Жолдыбайұлы. Ислам ғылымхалы. А., Алтын қалам 2003ж.
9. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Халифа Алтай.
10. Ғалымбек Тобашев, Құран әліппесі және тәжуид қағидалары А., Алтын қалам 2006 ж.
11. Қандаһлауи. Хайату сахаба



МАЗМҰНЫ

Күллі жаратылыстар - құлшылықта	3
Құлшылық (ғибадат) дегеніміз не?	4
Намаз нендей ғибадат?	4
Ислам бес нәрседен тұрады?	4
Намаз - шүкіршіліктің белгісі	5
Намаз Жаратушығы жақындатады	6
Намаз - жанның тазалығы	7
Иманы бар адамға ғибадат парыз	8
Намаз - діннің тірегі	8
Намаз оқу - табысы мол сауда	9
Намаз оқу денсаулыққа пайдалы	9
Намаз ғибадат атаулының түйіні	10
Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) намазы	11
Діни ұғымдарға қысқаша түсіндірмелер	12
Тазалық	16
Әжетхана әдебі	16
Дәрет	17
Дәретпен орындалатын құлшылықтың түрлері?	17
Дәреттің парыздары	18
Дәреттің сүннеттері	18
Дәретті бұзатын нәрселер	19
Дәрет алу үлгісі	20
Мәсіх деген не?	24
Мәсіге мәсіх тарту шарттары	24
Мәсіге мәсіх тарту	24
Мәсіхті бұзатын нәрселер	25
Оралған жердің сыртынан мәсіх тарту	25
Ғұсыл	26
Ғұсылдың үш парызы	26
Ғұсыл алу үлгісі	26
Жүніп адамға харам нәрселер	26
Ғұсыл қандай жағдайларда қажет?	27
Сұрақ - жауап	27
Тәйәммүм	31
Тәйәммүмның парыздары	31
Тәйәммүмнің себептері	31
Тәйәммүм алудың үлгісі	32

Тәйәммүмді бұзатын нәрселер	34
Сұрақ - жауап	34
Намаз.....	38
Намаздың парыздары	39
Сыртқы парыздар	39
Ішкі парыздар.....	39
Намаз уәжіптері	40
Сәһу (қателік) сәждесі.....	41
Сәһу сәждесі қалай жасалады	41
Намаздың сүннеттері.....	41
Намазды бұзатын нәрселер.....	43
Шынайы намаз.....	44
Азан	45
Намаз кестесі.....	47
Бес уақыт намаздың оқылу үлгісі	48
Бамдат намазы.....	48
Қамат.....	54
Бамдат намазының екі рәкат парызы	55
Бесін намазының төрт рәкат сүннеті	56
Бесін намазының төрт рәкат парызы	57
Бесін намазының екі рәкат сүннеті	58
Екінді (намаздыгер) намазының төрт рәкат парызы	59
Ақшам намазының үш рәкат парызы	60
Ақшам намазының екі рәкат сүннеті.....	61
Құптан намазының төрт рәкат парызы	62
Құптан намазының екі рәкат сүннеті.....	63
Үш рәкат үтір намазы.....	64
Тәспих	65
Жамағатпен намаз оқу.....	65
Жамағатпен намаз оқудың үлгісі.....	66
Сұрақ - жауап	67
Намазда оқылатын қысқа сүрелер.....	72
Намазда оқылатын дұғалар.....	80
Тазалыққа қатысты дұғалар	83
Намаздан кейінгі дұғалар.....	84
Қолданылған әдебиеттер.....	85

Нұрлан САЙЛАУҰЛЫ
Еркебұлан ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ

НАМАЗ

ОҚЫП ҮЙРЕНЕЙІК

Редакциялаған: Құдайберді Бағашар
Көркемдеуші дизайнер: Бекболат Алтынбекұлы
Суретке түсірген: Абдулазиз Алымуддинұлы